

## **Орта Азия мемлекеттік (Түркістан) университетінің құрылуы мен қалыптасуы тарихы (1918-1930 жж)**

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Ресей империясында орын алған саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістер қазақ қоғамына да өз әсерін тигізбей қоймады. Яғни, Еуропаның орталық аудандарында техникалық ғылымдар интенсивті түрде дами бастаған уақытта, өнеркәсіптің көп бөлігін электр жаулап алған кезде, радио мен телеграф ойлап табылып, техникалық, медициналық, жаратылыстану, гуманитарлық жоғарғы оқу орындарының жүйелері ашылған кезеңде, үлкен аймақты қамтып жатқан және бірнеше миллиондаған халқы бар қазақ даласында бірде бір жоғарғы оқу орны болмады. Дегенмен, Еуропамен байланысты Ресейдегі саяси және әлеуметтік жағдайдың өзгеруі, оның рухани өмірімен тікелей араласқан қазақ халқында да өркениетке және білімі мен мәдениетін жоғары деңгейге көтеруге мүмкіншілік ашылды. Өйткені, XX ғасырдың басындағы Қазақстанда ғана емес, Ресейдің өзінде қарапайым халық арасында ағарту ісі мен халықтың сауаттылық деңгейі мәдениет саласының мейлінше артта қалған және берекесі кеткен бөлігі болып табылды. Ел тұрғындарының басым көпшілігі не оқи, не жаза алмады, миллиондаған балалар мектептен тыс қалды, педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі өткір сезілді [1, 10 б].

Қазақ даласындағы халық ағарту ісі мен білім беру деңгейінің өсіп, өркендеуі қиын тарихи жағдайда жүріп өтті. Бір жағынан уақыты өткен ескі қоғамдық қатынастар аяқтан шалып жатса, екінші жағынан патша үкіметінің ұлттық езгіге салуы қазақ елінің алдағы болашағына күмән туғызды. Тіпті жергілікті билік орындары қазақтардың ұлттық мәдениетін дамытуға ешқандай қызығушылық танытпады. Патша билігінде болған алпыс жылда Түркістан өлкесі бойынша Ташкентте бір ғана мұғалімдер семинариясы (1879 жылы) және басқа қалаларда ұсақ кәсіптік мектептер ашылған. 1914-1915 жылдары патша үкіметі өлкедегі ағарту ісінің мұқтаждықтарына жан басына шаққанда 22 тиыннан аспайтын қаржы жұмсады, бұл өлке бюджетінің 2-3 пайызын құрады, сол уақытта полиция мен әскери қажеттіліктерге 86,7 пайыз бюджет қаржысы жұмсалатын [2, с.24]. Сонымен қатар, бұл жағдай тек қазақтарда ғана емес, бүкіл Орта Азия халықтарына тән ортақ нәрсе еді. 1906 жылы «Вестник воспитания» атты журналда жарияланған мақалада былай деп жазды: «Егер Түркістан халқы мәдениетке осы кездегі қарқындарымен

жылжитын болса, онда өлкенің барлық халқына хат танытуға төрт мың жылдан аса уақыт керек болады» [3, с.21].

Осыған байланысты өз халқының қамын ойлаған қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері аймақта жоғарғы оқу орнын құру қажеттігі мәселесін бірнеше рет алға тартады [4, с.78-81]. 1913 жылы 2 ақпанда Санкт-Петербург қаласында В.В.Бартольдтің төрағалығымен өткен «Оқушы түркістандықтарға көмек көрсетуші Қоғам Комитетінің» кезекті отырысында С.М.Лапин «Түркістандағы халық ағарту ісінің хал-ахуалы» атты баяндама жасап, онда өлкедегі білім беру саласын көтеру үшін, жергілікті халыққа арнап жоғары оқу орнын ашу қажеттілігіне тоқталады. Бұл мәжіліске мүше ретінде М.Шоқай да қатысып, С.Лапинді қолдап сөз сөйлейді [5, 10 п].

Жалпы алғанда, Түркістан өлкесінде халық ағарту саласының дамуы, соның ішінде Орта Азия мемлекеттік университетінің ашылуы тарихнамада Лениннің есімімен және кеңестік саясатпен байланыстырылып келді. Алайда, деректерге сүйенсек, бұл пікірдің қате екеніне көз жеткіземіз.

Мәселен, Түркістан өлкесіне арналған Ташкенттегі жоғары оқу орнын құру жөніндегі ойды алғаш рет 1902 жылы-ақ орыс академигі С.Ф.Ольденбург мәселе етіп көтерген. «...мүмкіндігінше Ресей,- деп жазды С.Ф.Ольденбург,- Шығыста орыс шығыстануының мықтап орнығуы үшін ғылыми мектеп ашуға қадам жасаса, онда Ташкент бұл мектеп қызметінің орталығына айналып қана қоймай, орыстың ортаазиялық иелігін ғана емес, бүкіл Персия, Ауғанстан, Қашғария, Тибет, Қытай мен Моңғолияны зерттеуге жол ашылар еді» [6, с.15]. Патша үкіметі Түркістанда жоғары оқу орнын ашудағы мақсаты жергілікті халықтың білім деңгейін көтеруден туындаған жоқ, ол өзінің отаршылдық мүддесін көздеді. Оны Түркістан өлкесінде жоғары оқу орнын ашуды жақтаушылардың бірі Г.Андреевтің баспасөз беттерінде бірнеше рет жариялаған мақалаларынан көреміз. Сол мақалаларының бірінде Г.Андреев былай деді: «Өлкеде университет ашу туралы ой туғанда, университет орыстар үшін ашылады деген басқа ой келеді. Әрине, өлкеде жоспарлап отырған университетке орыс жастарымен бірге жергілікті халықтың өкілдері де оқи алады. Бірақ, біздің гимназияларда олардың көбісі оқиды ма? Бүкіл Түркістаннан елу адам жиналады ма? Өлке халқына пайызға шаққанда қаншасын құрайды? Орыстарда университет болады, ал жергілікті халық тағы да өздерінің орыс-туземдік мектептерімен қалады...» [6, с.16]. Шындығында, жергілікті патша әкімшілігі қазақ халқының білімін көтеруді ойлаған емес.

1917 жылы Ақпан революциясы жеңіске жетіп, патша тақтан құлаған соң, қазақтың демократиялық зиялы қауымы бұл хабарды қуанышпен қарсы алып, ендігі жерде қазақ халқының еркіндігі мен бостандығына жол ашылады, ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мәселелерінің бірі халық ағарту мен мәдениетті өркендетуге жағдай туды деп үміт артады. Нәтижесінде олар саяси белсенділік көрсетіп, «Мұсылман еңбекшілерінің одағы», «Жастардың демократиялық оқушылары кеңесі», «Жас қазақ», «Талап», «Жанар», Қазақ жастарының революциялық Одағы» сияқты мәдени-ағарту ұйымдарын құрады. Сонымен қатар, қазақ зиялылары орыстың либералды-

демократиялық интеллигенциясымен біріге отырып, Түркістан өлкесінде жоғары оқу орнын құру мақсатында, нақты алғашқы қадамдар жасайды. Нәтижесінде, 1917 жылы 1 наурызда өлкенің алдыңғы қатарлы өкілдері Ташкенттің Қалалық Думасында жиналыс өтіп, өлкеде жоғары оқу орнын ашуға шешім шығарып, оған 1 миллион сом ақша және қаланың Никифоров деген бөлігінен 10 дес. жер бөледі [7, 1 п].

Сонымен қатар, 1917 жылы 15 қыркүйекте Петроград қаласындағы Ағарту министрлігінде орыстың атақты ғалымдары В.И.Вернадский, Е.Е.Жуковский, С.А.Чаплыгин, В.В.Бартольд, Н.Я.Март және басқалары қатысқан жиналыс өткізіледі. Бұл жиналыста Уақытша үкіметтің алдында қазақ және Орта Азияның басқа да халықтары үшін Ташкентте университет ашуға қолдау көрсетуін сұрайды және «ерекше міндеттер жүктеледі, ол тек ғылыми мақсаттарды іске асырып қоймай, ұлттық-саяси маңызды міндеттерді, атап айтқанда, өлкені тарихи, филологиялық, этнографиялық, археологиялық және құқықтық қатынастар жағынан жан-жақты зерттеуді, Шығыс тарихын, мәдениетін және тілін зерттеуге ерекше назар аударуға тиіс еді» [8, 172 п]. Осы жиналыста жаңадан құрылған университетте шығыстанушылық бағыттағы тарих-филология, физика-математикалық факультеттерді құру қажет деп танылып, оны іске асыру Петроград және Москва университеттеріне жүктеледі. Осы игілікті бастаманы талқылап, оны жүзеге асыру кезінде қаржы мәселесі туындап, аяғы тығырыққа тіреледі. Өйткені, Уақытша үкімет осы маңызды іске назар аудармай, іс жүзінде бастаманы қаржыландырудан бас тартады. Қалалық Думаның өкілі «қазіргі уақытта алғашқы жарнаның өзіне салынатын бос нақты ақшаның жоқ екендігін» мәлімдейді [8, 38 п].

Уақытша үкіметтің қаржы бөлмегеніне қарамастан, Түркістанның алдыңғы қатарлы зиялы қауымының ықпалымен Ташкенттің қалалық басшылығы өлкеде университет ашуға кірісіп, дайындық комиссиясын құрады да, оған миллион сом ақша аударады және Ташкенттің Никифоров деген ауданынан 10 десятина жер бөледі [9, 1-3 п]. Сонымен қатар, олар қаржы мәселесі қиындық туғызғандықтан, оны әр түрлі жолдармен шешуге тырысады. Мысалы, 1917 жылы 16 қазанда Комиссия өндіріс және сауда орындарының иелерінен көмек ретінде ашылғалы жатқан университет қорына ақшалай жарна жинау мақсатында келіссөз жүргізуге М.Шоқайды арнайы мандатпен аттандырады [9, 17 п].

Қазан төңкерісі қазақ зиялыларының университет ашудағы жоспарларын кейінгі қатарға ығыстырып шығарады. Өйткені, большевиктер ұйымдастырған төңкерістен кейін елде мүлдем түсініксіз аласапыран саяси ахуал қалыптасады.

Осыған байланысты А.Байтұрсынов сол кезге мынадай сипаттама береді: «Қазақтарға ақпан революциясы қандай түсінікті болса, қазан революциясы оларға соншалықты түсініксіз көрінді. Олар революцияны қандай қуанышпен қарсы алса, тура сондай үреймен екіншісін қарсы алуға мәжбүр болды. Қазақ халқымен таныс адамдар үшін қазақтардың бұл революцияларға деген мұндай қатынасы әбден табиғи және түсінікті болатын. Алғашқы

революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алуындағы себебі, біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруына, екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді» [10, 5 б].

Большевиктердің шынайы тәуелсіздік пен демократия жолы деп келген Қазақстандағы кеңес өкіметінің жеңісі, іс жүзінде патшалық Ресейдегіден де күшті диктатураға, бюрократиялық жүйенің орнауына апарды. Мемлекеттік түрге оранған революциялық зорлық-зомбылық жаңа қоғамдық қарым-қатынасты енгізіп, қолдап отырды. Ал, олар үшін Қазақстанда объективті жағдайлар орныққан жоқ болатын. Қазақстандағы оқиғалар жергілікті халықтың революциялық белсенділігі емес, сырттан әкелінген факторлардың жемісіне айналды. Қоғам өмірін қайта құрудың большевиктік бағдарламасында халыққа білім беру ісіне, мәдениет пен ғылымның мәселелеріне айтарлықтай орын берілген. Коммунистік құрылыстың бағдарламасын алға тарта отырып, В.И.Ленин бұл бағдарлама іске асырылуы үшін алдыңғы қатарлы ғылым мен техника, бүкіл жоғарғы білім жүйесі жұмылдырылуы керек екендігін атап көрсеткен. Ол «... бізге банк ісі мен кәсіпорын бірлестіктерінің жақсы ұйымдастырушылары қажет. Бізге инженерлер, агрономдар, техниктер, барлық саланың ғылыми білімді мамандары қажет» деп жазды [11. с. 311-312]. Билік басына келместен бұрын В.И.Ленин мен оның пікірлестері әрбір ұлттық мәдениеттің-бұқара халық мәдениеті мен қанаушылардың, буржуазияның мәдениеті бар екенін, әдебиеттің партиялық болуға тиістігін, ал оқу-ағарту ісінде ұлтына қарай жол берілмейтінін ашық түрде мәлімдеді.

Тіпті, 1893 жылдың өзінде-ақ Ф.Энгельс «өткен буржуазиялық революциялар университеттерден өздерінің саяси қайраткерлері шығатын адвокаттарды талап етсе, жұмысшылар табына бүкіл қоғамдық өндірісті қолға алу үшін бұдан басқа дәрігерлер, инженерлер, химиктер, агрономдар және басқа мамандар қажет» деп жазған болатын [12, с.432].

Ресейде мемлекеттік билікті басып алғаннан кейін, большевиктер өздерінің мәдени жобаларын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндік алды. Олар жаңа мәдениет құрылысының мазмұны мен бағытын ұлт аймақтарында да уысынан шығармады. Алғашқы кезде өлкедегі халық ағарту жұмыстары депутаттар Кеңесінің, революциялық комитеттердің және басқа да мемлекеттік құрылымдардың шешімдерімен және зиялы қауымның бастамаларымен жүзеге асырылып, жергілікті халықтың рухани және творчестволық дамуына жол ашыла бастайды.

Түркістан Автономиялық Республикасында халықтың сауатсыздығын жоюға бағытталған жұмыстар жүргізіліп, жалпы білім беретін мектептер, курстар, клубтар, кітапханалар және басқа да оқу және мәдени-ағарту мекемелерінің жүйелері құрылады. Дегенмен, Түркістанда жоғарғы оқу орындарының қажеттіліктері байқалып, қоғамды жоғарғы білікті мамандармен қамтамасыз ету уақыт сұранысына сай туындады. Осыған байланысты 1917 жылдың 15-22 қарашасында өткен Кеңестердің Өлкелік III съезінде, (оған Сырдария және Жетісу облыстарының өкілдері де қатысқан

болатын), Түркістанда жоғарғы оқу орындарын ашу туралы арнайы шешім қабылданады [13, с.575].

Ал 1918 жылы 19 қаңтардағы IV Түркістандық төтенше съезде Түркістанда Халық университетін құру туралы және оған бұрынғы әскери училищенің ғимаратын беру жөнінде резолюция жариялайды [14, 25 п]. Съездің жоғары оқу орнын ашу жөніндегі шешімін 1918 жылдың ақпанында Ташкент қаласының интеллигенция өкілдері тарапынан Түркістанда университет ашу мақсатында құрылған «Жоғары білім қоғамы» еді. Оған Р.Р.Шредер, В.И.Романовский, М.И.Слоним және басқада Ресейге белгілі ғалымдар мүшелігіне кіреді. 1918 жылы 1 наурызда болған қоғамның жиналысында бес мүмкін болатын факультеттерге сәйкес бес «үштік» құрылып, болашақ университет Жарғысының жобасы бекітілді [15, с.5-6].

Университеттің құрылуы өте қиын жағдайда өтті. Бұл кезде Ресейде болған азамат соғысы Түркістан өңіріндегі саяси жағдайды мүлдем нашарлатып жіберген еді. Билік басына келген большевиктер мүмкіндігінше университетке өз бақылауын орнатуға тырысты. Нәтижесінде Түркістандағы алғашқы жоғары оқу орнында күрделі идеялық - саяси күрес басталып кетеді. Революцияға дейін қалыптасқан Түркістан жоғары оқу орнын ашу үшін құрылған алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдерінің қозғалысы жалпы демократиялық сипат алды. Әсіресе, патша тақтан құлағаннан кейін бұл қозғалыс ерекше белсенділік көрсете бастады. Оны жергілікті мұсылмандық және ұлттық интеллигенция өкілдері қолдады.

1918 жылы 17 ақпанда Ташкенттің жоғары білім беруді қолдаушылардың қоғамы құрылтай жиналысын өткізіп, ұйымдастыру процесін бастайды. Оның құрамына Орыстың географиялық және техникалық қоғамының Түркістандық бөлімі, жаратылыстану және дәрігерлердің Ташкенттік қоғамы, Ташкенттің педагогикалық және заңгерлердің қоғамы, Түркістанның ауылшаруашылық қоғамы, мұсылман мұғалімдерінің Қоғамы, Политехникалық курстар, Өлкелік мұғалімдер одағы мен Ташкенттің студенттер одағы кірді. Қоғамның мүшелігіне заңгер М.Шоқай, математик В.И.Романовский, дәрігерлер А.П.Шишов, Х.Досмұхамедұлы, М.И.Слоним, агроном Р.Р.Шредер, архитектор Г.М.Сваричевский және басқа да көптеген көрнекті қоғам қайраткерлері мен белгілі ғалымдар өтті. Қоғамның төрағасы болып М.И.Сосновский сайланады. Қоғам құрылған кезден бастап-ақ, халық университетін ұйымдастыру ісін құруда тек қоғамдық бастама негізінде ғана қалыптастырып, Кеңес өкіметінің кез-келген мемлекеттік органдарының бақылауынан бас тартып, олармен байланысқа түсуге үзілді кесілді қарсы шығады. Қоғамның жарғысы мен басқарма әзірлеген Түркістан халық университетінің жарғысының жобасы, отарлық әкімшілік мекемесінің 1918 жылғы наурызға дейін ғана өмір сүрген Ташкент округтік сотында тіркеуден өткізілді. Түркістандағы жоғарғы білімнің ұйымдастырушылық принциптерін әзірлей отырып, реакцияшылдар онда жұмысшы табының өкілдерін университетке енгізуге тиым салатын таптық сипатты көздеді. Осы мақсатта олар ұйымдастырылған жоғарғы оқу орнында ақылы білім беруді

енгізуді ұсынды. Университетті құру жобаларын талқылау үшін, 1918 жылдың наурызында өткізілген Ташкент қоғамының көптеген жиналыстарында олар жоғарғы оқу орнын саясаттандыруға қарсы шығып, университет тек қана мәдени-ағарту орталығы ғана болуы керек, сондықтан ол үгіт-насихат орнына айналмауға тиіс деді. Бірақ, олардың барлық әрекеттері жоққа шығарылды. Большевиктер жұмысшылардың мәдениет пен ағартуға деген үлкен ынтасы бар дегенді алға тартып, олардың қарсылығын оңай басып тастады.

Ташкент интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері жоғарғы білім берудің демократиялық жүйесін құру үшін, амалсыздан Кеңес өкіметімен ынтымақтастық құруға мәжбүр болады. Бұл бастама Коммунистік партия мен кеңес мемлекеттік органдары тарапынан қолдау тапты. 1918 жылы 9 наурызда Түркістан өлкесінің Халық комиссарлар кеңесі Халыққа білім беру комиссариатына бағынатын халық университетін шұғыл ұйымдастыру жөнінде қаулы қабылдады. Университетке Әскери училище ғимараты мен бұрынғы ұлы князь Н.К.Романовтың сарайы берілді. Ұйымдастырушылық шығындары үшін 2 млн. рубль қаржы бөлінді. Бұл қаулы Түркістан халық комиссариатының 1918 жылғы 16 наурыздағы бұйрығымен жарияланды.

Кеңес өкіметінің қолдауы істі тездетуге көмектесті. 1918 жылы 11 наурызда Түркістан университетінің кеңесі құрылды, ал кеңестің 5 сәуірдегі отырысында оның басшылары сайланды. Университеттің директорлығына халық ағарту ісінің көрнекті өкілі, Петроград гимназияларының бірінің бұрынғы оқытушысы, революцияға дейінгі Ресейдің демократиялық жоғарғы оқу орны Жоғарғы әйелдер курсының приват-доценті А.В.Попов сайланды. Директордың орынбасары ірі ғалым-агроном Р.Р.Шредер болды. Оқуға түскісі келетіндердің тізімі жасала бастады, педагогикалық құрам жасақталды, ал 1918 жылы 21 сәуірде Түркістан халық университетінің салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Ашылу салтанатына Ташкент ғылыми-педагогикалық қоғамының өкілдерімен қатар, РСФСО Халық комиссарлар кеңесінің төтенше комиссары П.А.Кобозев, Түркістан республикасы Кеңесінің 5 съезінің делегаттары, Түркістан АКСР еңбек комиссары П.Г.Полторацкий, Ташкенттік комиссарлар В.С.Ляпин, А.Я.Першин, И.О.Тоболин қатысты. Сөйлегендер Түркістан халық университетінің жұмысшы-шаруа үкіметі мен жұмысшылар үшін ұйымдастырылғандығын және шын мәніндегі демократиялық оқу орны болуы тиіс екендігін атап көрсетті. П.Г.Полторацкий өз сөзінде: «Пролетариат қызыл туымен бұрын өзінің қолы жетпеген ғылым сарайына кірді. Оның білімді игеруі де басқалары сияқты нық болады. Игерілген білімді пролетариат өзінде ұстап қала алады» деп көрсетті. Университет директоры А.В.Попов оқытушылар атынан Кеңес өкіметімен ынтымақтастық жасайтындықтарын атап айтты. Өлкеде жоғарғы оқу орнын құру мәселесін Түркістан АКСР-і үкіметі бір айдың ішінде үш рет қарастырған. Халық комиссарлар кеңесі бұл бастаманы мақұлдап, 9 наурызда қаулы шығарып, 16 наурызда «шұғыл түрде университет құру және жоғарғы политехникалық институт ашуға барлық

шараларды қабылдау туралы» бұйрық шығарады [16, 176 п]. Кездескен қиыншылықтарға қарамастан Түркістан республикасының Халық комиссарлар Кеңесі университет құрудың алғашқы шараларына 2 миллион сом қаржы бөледі [70, с.6].

1918 жылы 12 мамырда ұлттық зиялы қауым және алдыңғы қатарлы жадид-ағартушылар қозғалысының өкілдерінің күшімен университет жанынан «ескі қалада» Мұсылман Халық университеті-Мұсылман секциясы құрылады. Яғни, Халық университетінің құрамындағы «ескі» Ташкенттегі «мұсылман секциясының» ашылуының маңызы жергілікті халық үшін өте зор болды. Оған 945 адам жазылды. «Мұсылмандық секцияны» ұйымдастыруда ескі қаланың қоғамдық ұйымдары үлкен роль атқарды. А.Авлиядың, Ш.Рахимияның, С.Д.Асфандияровтың және басқа да алдыңғы қатарлы жергілікті интеллигенция өкілдерінің бастамасымен 1918 жылдың 18 сәуірінде Халық университетінің жанынан жергілікті ұлт өкілдері үшін секция ұйымдастыру қажет деп есептейтін қоғамдық ұйымдардың қатысуымен кеңес өткізіледі. Кеңесте тұрғылықты халық үшін университет секциясын ұйымдастыруға «ескі қаланың» 15 демократиялық ұйымының өкілдерінен комиссия құрылды, оның құрамына Г.Абдурашитханов, Р.Юсупбеков және басқалары енді [17, с.357]. Секция басшысы белгілі ағартушы Мунаввар Қары Абдурашитханов болса, оның орынбасарлығына қазақтың көрнекті қайраткері Иса Тоқтыбаев сайланады. Ал 1918 жылы мамырда Иса Тоқтыбаев Түркістан Халық Университетінің басқарма мүшелігіне тағайындалады [18, 6 п]. Халық университетке ересектермен қатар мектеп және мектепке дейінгі жастағы балаларды қабылдауды сұрады. Олар үшін балалар алаңы, мектептер ұйымдастырылып, ойыншықтар мен балалар кітаптары жиналды. Халық университетінің «мұсылман секциясы» әйелдерге білім беру жүйесін енгізуге талаптанды. Оның жанынан төрт әйелдер мектебі ашылды. Өзі құрылған уақыттан бастап университет орыс, қазақ және өзбек тілдерінде көп тиражды «Халық университеті» газетін шығара бастады.

Мұсылман Халық университетінің құрылатындығы туралы хабар халық арасында тез арада таралып, университет комиссиясына оқуға қабылдау туралы көптеген өтініштер түсе бастайды. Аз уақыттың ішінде оған 945 адам жазылды. Ұйымдастырушылар үшін күтпеген жағдай, секцияға жазылу үшін халық балаларын ертіп келеді. Бұл күтпеген жағдайдан кейін комиссия университет жанынан «Мектепке дейінгі тәрбие бөлімін» құрып, 8 балалар алаңына қызмет көрсетті. 3-тен 16 жасқа дейінгі 1000-нан аса бала таңертеңгілік «университетке» баратын болды. Балалар алаңдарын, мектептер, балалар алаңдары мен мектептердің нұсқаушылары мен жетекшілерінің курстарын ұйымдастыруға, ойыншықтар мен балаларға арналған кітаптарды жинаумен айналысуға тура келді [19, с.127-128]. Ересектердің ісімен танысқаннан кейін, комиссия оқуға түсушілердің көпшілігінің орта білімі жоқ деген қорытынды жасайды. Оларға көмек көрсету мақсатында «университеттің төменгі және орта сатысы» деп аталатын 4 айлық мұғалімдер курсының дайындық топтары

ұйымдастырылып, оқуға ерікті тыңдаушы ретінде қабылдайды. Мұндай оқушыларға өздері шұғылданғысы келген пәндер бойынша сабаққа келіп жүруге рұқсат етіледі, ал қажетті білім ала келе олар Түркістан университетіне толық құқықты түрде түсіп оқитын болды. Курсқа қазақтарды көптеп тарту шаралары қолданылады. 26 наурызда Ауылшаруашылық қоғамының ғимаратында университеттің «төменгі және орта сатыларында» жұмыс істеуге тиіс оқытушылардың кеңесі шақырылып, оқу процесінің жұмыс жоспарлары жасалады. Әлемдік ғылымға тіл арқылы жетуге болатынын түсінген мұсылман университетінің қайраткерлері оқу бағдарламаларына бірнеше шетел тілдерін енгізеді. Сабақты жаңаша әдістермен үйрету арқылы оқу бағдарламалары оңай игеріле бастады. Жоғары мектептердегі ескі әдістерге қарағанда, мұнда қазақ тілі, тарих, этика сияқты пәндерге ерекше мән берілуі ұлтжандылыққа тәрбиеленуге және жеке тұлғаның қалыптасуына мол әсер етті. Халық университетінің ұлттық секциясында төрт әйелдер мектебінің ашылуы өте үлкен жаңалық еді. Университетте сабақ беретін жергілікті ұлттан шыққан оқытушы әйелдердің жетіспеушілігіне байланысты, университетте жұмыс істеу үшін оқытушы әйелдерді тарту туралы қоғам құруға шешім қабылданды. Ташкентте 1918 жылғы мамырдың ортасында құрамына М.Исмаилова, А.Айдарова және басқалары енген «Мұғалімалардың уақытша қоғамы» атты ұйымы құрылды [17, с.357-358].

«Мұсылмандық секцияны» ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізумен қатар, ауылшаруашылық факультеті жергілікті тұрғындарға жаратылыстанудан, ауылшаруашылығынан дәріс оқуды бастады. Дәрістер көпшілікке түсінікті, өмірлік мысалдарды пайдалана отырып оқылғандықтан, тыңдаушылар тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Алайда, жағдайдың күрт өзгеріске ұшырауы болшевиктерді алаңдатып, қауіпті бола бастағанын түсінген олар Мұсылман университетін қаржының тапшылығын алға тартып, оны жауып тастайды [20, с. 327].

Өзінің аз ғана уақытында Мұсылман университеті ұлттық мамандарды қалыптастыру және тәрбиелеуде көп үлес қосады. Еңбек биржасының ғимаратында 28 наурызда өткізілген жұмысшылар мен кәсіподақ өкілдерінің жиналысында жұмысшы жастар оқуға, ал оқытушылар университетте жұмыс істеуге шақырылады және оның басқармасы құрылады да оған В.И.Романовский, Р.Р.Шредер және басқалары кіреді. 5 сәуірде өткізілген ұйымдастыру комиссиясы мүшелері мен оқытушылардың жалпы жиналысында ректорлыққа А.В.Попов және факультет декандары сайланды. Осы күннен бастап, жұмыс ұйымдасқан түрде жүргізіле бастады. Бұл кезде аштық пен жоқшылық әлі күшінде болатын, ғимараттар мен маман кадрлар, тиісті құралдар жетіспеді, бірақ жұмыс үлкен ынталылықпен жүріп жатты. Өйткені, Түркістан халқы жоғары оқу орны құрылған кезде «оның одан әрі өрлеуінің кепілдігі болады және болашақта таза ғылымның сәулесі жарқырайтындығына сенім беретіндігіне» сенді [21, 4 п].

Осы кездің өзінде Түркістан Республикасының Халық комиссарлар Кеңесі мен халыққа білім беру комиссариаты университетке халық



шаруашылығына қажет, партия және кеңес мекемелерінің кадрларын даярлауға көмек көрсетуге өтініш жасады. Осы мәселені шешу әлеуметтік-экономикалық факультеттің ұйымдастырушыларына жүктелді. Осыған байланысты олар «революцияшыл Ресейдің өте өткір қажеттіліктеріне сәйкес» ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстардың бағдарламаларын әзірледі. Осы курстағы сабақтарға тыңдаушылардың көпшілігі қатысты. Г.И.Черданцев, А.В.Трапезников, И.Ф.Горский, А.В.Попов, П.Кобозев және басқаларының дәрістері өте тартымды болды.

Техникалық факультеттің оқытушылары гидротехникалық құрылыстар мен өнеркәсіп орындарының жобаларын жасауға белсенді түрде араласа бастады. Олар су сұрыптау станциясының және басқа да бірнеше гидротехникалық құрылыстардың құрылыстарына жетекшілік етті, Сырдарияда иригациялық зерттеу жұмыстарын жүргізді, Қаптанбек ауданындағы «Ромадан» каналын кеңейту жұмыстарына басшылық жасады және т.б. Геодезист ғалымдар жерге орналастыру, геодезия жөніндегі жұмыстарды атқарып, жекелеген аудандарда болашақта оларда мақта шаруашылығын дамыту мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен бірге ғалымдардың осы тобы Халық университетін құру жұмыстарына белсене араласты. «Наша газета» бетінде университеттің болашақ бірінші ректоры А.Попов Халық университеті білімнің барлық салалары бойынша ағартудың алғашқы үлгісі болуы керектігі туралы жазды. «Біз, педагогтар, белгілі бір үлгі бойынша оқытамыз, соған қарамастан, біздің өзімізге де көзқарасты кеңейту қажеттігі туындайды. Халық университеті барлық шөлдегендердің сұраныстарын қанағаттандырумен қатар, біздің де талаптарымызды қанағаттандыруы керек. Бізге бекітілген үлгі емес, творчество қажет» [22, с.5].

Түркістан интеллигенциясы өкілдерінің ойынша Халық университеті бұрынғы типтегі жоғарғы оқу орындарынан түбегейлі өзгеше болуы тиіс болды. «Онда еңбектің түрлі саласы бойынша тиімді қызметтеріне адамдарды дайындау үшін, сауаттылыққа үйретуден бастап, жоғары ғылымдарға және әр түрлі мамандықтар бойынша арнайы техникалық курстарға (мектептерге) дейін барлығы болуы тиіс» [23, с.136].

1918 жылы 20 сәуірде апталық Түркістанның «Халық университеті» деген газеті жарық көріп, онда сол жылы 21 сәуірде Халық университетінің ашылатындығы хабарланды [24, с.4]. Газетте ашылу салтанатының сағат 3-те Бостандық үйінде болатындығы хабарланды. Онда сонымен қатар барлық құрылатын факультеттердің қысқаша сипаттамасы берілді, тұрғындарды кітапхана үшін кітаптар жинауға шақырды және университеттің ашылуымен байланысты басқа да хабарламалар берілді. Алғашқы университет газетін шығару үшін, қағаз бен қаражатты ТАКСР Халық комиссарлар Кеңесі бөлді. Газеттің адресін алғашқы күннің өзінде-ақ көптеген корреспонденциялар, университетке түсушілерден өтініштер, оның ұйымдастырылуына сәйкес құттықтаулар келіп түсті.

Университеттің ашылуы Түркістан өлкесі жұмысшы, солдат, шаруа депутаттары Кеңесінің V съезінің мәжілісімен тұспа-тұс келді, онда

Түркістан халқының Кеңестік автономиясы жарияланды. Съезд делегаттарының көпшілігі мен оның жетекші құрамы үлкен халықтық мерекеге айналған Халық университетінің салтанатты ашылуына қатысты. 1918 жылдың 21 сәуірінде қала таңертеңнен жандана бастады. Күндізгі сағат үшке қарай вокзал жақтан университеттің ашылуына оркестрмен және қызыл жалаулармен келе жатқан шеру көрінді. Бостандық үйінде Университеттің салтанатты ашылуына 2 мыңнан аса адам жиналды [25, с.3].

Университеттің ашылуында сөйлеген сөзінде Үкіметтің Орта Азия мен Бакудегі Төтенше Комиссары П.А.Кобозев былай деді: «Сіздердің үлестеріңізге ғасырлар қиылысында тұру, барлығы қайта бағалауға берілетін, барлық ескілік қалдықтары жойылатын, өмірдің жаңа нысандары айқындалатын ұлы жаңа өмір құрылысының куәсі болу бақыты тиіп отыр. Осы үшін қаншама білім, қаншама тірі және творчестволық күш қажет екендігін ойлаңыздаршы. Өйткені біз кедейміз, өзімізде артығымен жоқ нәрселерді пайдалану мүмкіндігі жоқ. Біз өз өлкеміздің теңдессіз байлығын есептей алмаймыз. Осы мүмкіндікті бізге тек білім береді, тек білім ғана бізді сақтап қалады» [26, 1 п].

Еңбек халық комиссары П.Г.Полторацкий «еңбекшілердің бұрын қол сұқпаған ғылым сарайына кіргенін және білімге басқалары сияқты мықты ие болатындығына» назар аударды [26, 3 п]. П.А.Кобозев пен П.Г.Полторацкийдің ойын одан әрі дамытқан университет ректоры А.В.Попов ескі құрылысты жою оңай екендігін, бірақ адамды қайта тәрбиелемей, еркін ете алмайтындығы сияқты, жаңа өмірді құрудың да қиын екендігін айтты: «Жаңа мектеп аяғына дейін бостандықта болуы керек және жаңа адамды тәрбиелеуі керек. Мұндай іргетассыз жаңа өмірдің құрылысымен ешқандай үкімет айналыса алмайды... Алда ұлы өмір құрылысы тұр және тек университет қажет» [26, 4 п].

Университет ашылуының ерекше салтанаттығын көрсете отырып, Г.Н.Черданцев: «Бұл күннің ерекше белгісі Түркістанда билік өкілдері интеллигенция арасындағы бірлік болды: ол сөйлеген барлық шешендердің сөздерінде көрініс тапты, соның ішінде Халық университетінің ректоры А.В.Поповтың сөзінде атап көрсетілді» [27, с. 90].

Алғашқы кезеңде және одан кейінгі бірнеше айларда Түркістан Халық университеті шын мәніндегі университет бола қойған жоқ. Ол әр түрлі сипаттағы білім беру және ағарту мекемелерін біріктірген өзінше бір оқу комбинаты болды. Бұған жоғарғы оқу орындары типіндегі факультеттер-жаратылыстану-математика, ауылшаруашылық, техникалық, әлеуметтік-экономикалық және әдеби-философиялық (1918 жылдың күзінен бастап тарих-филологиялық деп аталған) факультеттері кірді. Дәріс тыңдауға білім деңгейлеріне қарамастан, барлық қатысқысы келетіндер жіберілуіне байланысты алғашқы кезде мұнда студенттер саны 1200 адамды құрады. Бұл факультеттерді ұйымдастыру Орта Азияда жоғарғы мектептің ашылуындағы алғашқы қадам болды. Халық университетінің құрамына әр түрлі курстан кірді: электромонтерлер, орман техниктері, жер-су комитеттерінің, автомобиль ісінің нұсқаушылары, темір жол, сызу, кооперативтік,

педагогикалық, шет тілдері, мектепке дейінгі дайындық бойынша, пішу және тігу, етік тігу курстары кірді. Өздерінің сипаты жағынан олар орта кәсіптік оқу орындарына ұқсады.

Түркістан халық университетінің орыс тілінде білім беретін 11 бастауыш мектебі, сонша жалпы білім беретін мектептері, қазақ тілінде оқытатын екі кәсіптік мектебі және сегіз балалар алаңы болды. Алғашқы кезде Түркістан халық университетінің құрылымдық бөлімдерінің мәртебесін Түркістан халық консерваториялары, мұражай және көпшілік кітапханасы алды. Бірақ, кейіннен оларды тікелей Түркістан Республикасының халық ағарту комиссариатының қарауына береді. Университеттің күрделі және өзіндік құрылымы сол кездегі уақыт талабына байланысты болды. Бұл құрылым өте аз уақыт сақталды. Халыққа білім беру саласында тәжірибе жинақталғаннан кейін, жоғарғы оқу орнының деңгейіне сәйкес келмейтін мекемелер дербестік ала бастады. Оқу-ағарту комбинатынан жоғарғы оқу орнын алып шығу процесі 1918 жылы маусымда халық ағарту қызметкерлерінің бүкіл түркістандық съезінде мақұлданған болатын. Ташкентте университет ұйымдастыру азамат соғысының ауыр жағдайларында жүзеге асырылды. Орынбор және Закаспий майдандары арқылы Орта Азия Орталық Ресейден толық кесіліп тасталды. Сондықтан да бастапқы кезде барлық ұйымдастыру жұмыстары жергілікті интеллигенцияның күшімен жүргізілді. Барлық қиыншылықтарға қарамастан, 1918 жылы қазанның соңында барлық факультеттерде сабақ басталды. Түркістан Республикасының халық ағарту комиссариатымен университеттің бірінші жарғысы бекітілді. Сол жылы желтоқсанда оның басшы органдары құрылды. Университеттің ректоры болып Г.Н.Черданцев, проректоры болып Г.М.Сваричевский сайланды. Сол кезден бастап университеттің Ғылыми кеңесі қызмет атқара бастады, факультет декандары тағайындалды. Оқу процесін жолға қою үшін белсенді жұмыстар басталды. Студенттер контингенті 1918 жылы қазанда 560 адамға жетті. Университетте тұрақты профессор-оқытушылар ұжымы қалыптасты, ол 78 адамды құрады. Университеттің алғашқы оқытушыларының қатарында кеңес конституциясы мен техникалық факультетте электротехника курстары бойынша дәріс жүргізген көрнекті кеңес мемлекетінің қайраткері П.А.Кобозев те болды.

Жоғарғы оқу орнының 1918/1919 оқу жылындағы үлкен жетістігі-оқу-көмекші мекемелерін ұйымдастыру болды. Олардың алғашқылары органикалық және неорганикалық химия зертханалары мен зоология кабинеті болды. Университеттің ресми ашылуынан кейін, оның ұйымдастырушылары тұрақты жұмысты қалыптастыру үшін ерекше күш салды. Оқытушылар жетіспеді, құрал-жабдықтар жоққа тән, материалдық база болмады, Орталықтың көмегімен жойылуға тиіс басқа да көптеген қиындықтар болды. Осыны түсінген ТАКСР Халық комиссарлар Кеңесі университет басқармасына А.А.Семенов (кейіннен белгілі шығыстанушы) пен инженер И.Г.Беловты (кейіннен Түркістан университетінің профессоры) Ташкентке қажетті ғылыми күштерді тартуға және оқу орнын қажетті оқу және ғылыми құралдармен, кітаптармен қамтамасыз ету үшін, Москва мен

Петроградқа іссапарға жіберуді ұсынды. Бірақ, А.А.Семенов пен И.Г.Белов Ресейде екі жылға жуық болды, өйткені олар кеткеннен кейін Түркістан ел Орталығынан бөлініп тасталды.

Сол кездегі Түркістан өлкесінің әскери-саяси және экономикалық жағдайы өте қиын еді. Орта Азияда социалистік революцияның болу-болмауын анықтайтын оқиға жақындап келе жатты. Осыларға қосымша Түркістан халық университетінің 1918 жылғы сәуір-қазан аралығындағы жұмысына Ағарту комиссариатының ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс жүргізбеуі де қиындық келтірді. «Халық университеті өмірлік қажеттіліктерге байланысты мектептің білім беру сатыларының барлығын, сонымен қатар мектептен тыс және мектепке дейінгі білімді қамтитын университеттік мектепке айналды. Бұдан басқа Халық университеті халық ағарту комиссариатының тапсырмасына сәйкес және өз бастамасы бойынша тарау жағдайындағы және революция кезінде пайда болған жалпы мәдениет мекемелерін өз қамқорлығына алуға және тікелей әкімшілік жасауға тиіс болды» [27, с. 93]. Осы кезеңдегі Университет өмірінің сипатын Халық университетінен құрылған және оның филиалдары болған немесе онымен тығыз байланыста жұмыс істеген мекемелердің тізімімен бағаланады.

Халық университетіне мыналар кірді:

1. Әлеуметтік-экономикалық, жаратылыстану-математикалық, әдеби-философиялық (күзден бастап тарихи-филологиялық), ауыл шаруашылық және техникалық бөлімдер бойынша жоғарғы курстар;

2. Электр моторлары, автомобиль істері, темір жол, сызу, орман техниктері, жер және су комитеттерінің нұсқаушылары, кооперативтік, педагогикалық (мұсылман мұғалімдер институты жанында), мектепке дейінгі тәрбие нұсқаушылары (балалар алаңдары үшін), шетел тілдері, пішу және тігін тігу (бес төменгі саты мектептері жанында), етікшілік істері (үш төменгі саты мектептері жанында), суда жүзу курстары бойынша орта практикалық курстар;

3. Төменгі саты мектептері – 4 бастауыш, 11 мұсылман, 2 кәсіптік (мұсылман), 8 балалар алаңы;

4. Түркістан көпшілік кітапханасы, Түркістан халық мұражайы, кейіннен өзінше оқу орнына айналған консерватория мекемелері [28, 54-80 pp].

Түрлі сипаттағы және өте көп мекемелермен айналысу Университеттің жұмысын қиындата түсті. Ішкі және сыртқы көптеген қиыншылықтарға қарамастан, 1918 жылғы сәуірдің соңғы күндерінде университеттің әдеби-философиялық, әлеуметтік-экономикалық және ауыл шаруашылық факультеттерінде дәріс оқу басталды. Аз уақыттан соң жаратылыстану-математикалық және техникалық факультеттерде де сабақ басталды.

Халық университетінде жүргізілген жазғы дайындық кезеңдері үлкен маңызға ие болды. Бұл кезең ғылыми білімді көпшілікке таныстыруға, дайындықсыз аудиторияға арналған көптеген мәдени-ағарту және арнайы курстарды ұйымдастыру үшін пайдаланылды. Осы салада жұмыс істеу үшін, қоғамдық және ғылыми күштер жұмылдырылды. 1918 жылы қыркүйек-қазан айларында бағдарламалар жасалынды, факультеттердің бағыттары

нақтыланды. Сонымен бір уақытта оқытушылардың бір тобымен «Өлкедегі жоғарғы мектеп ретіндегі Түркістан Халық университеті туралы Ереже» әзірленді. 25 қарашада «Ережені» және оқытушылар құрамын Халыққа білім беру Комиссариаты бекітті [28, 1-2 пп]. Педагогтарды, университет ректорын және факультет декандарын сайлау жүйесі анықталды. Жекелеген мектептерді, факультеттерді, балалар алаңдарын құрамында оқушылар, тыңдаушылар, оқытушылар бар кеңестер басқарды. Кеңестерге лауазымды тұлғалар басшылық жасады. Халық университетінің жоғарғы органы - оның барлық қызметкерлерінің жалпы жиналысы болды. Ректорат жанында басқарма қызмет атқарды, оған университеттің төменгі сатысының, мектептен тыс бала тәрбиесінің мұсылман секциясының өкілдері және секретарь кірді. Бұлардан басқа Түркістан халық консерваториясының директоры, Түркістан көпшілік кітапханасының, Түркістан халық мұражайының және Өнер мұражайының меңгерушілері сайланды. Университеттің құрылуында тамаша энтузиастер-ғалымдар – тұрғылықты Ташкенттіктер және Түркістанға азамат соғысы кезінде келген – В.И.Романовский, П.А.Зарудный, Б.П.Добров, Н.Л.Лаппо-Данилевский, А.А.Диваев, А.В.Трапезников, С.А.Коган, Р.Р.Шредер, М.М.Протождьяконов және көптеген басқа да профессорлар мен оқытушылар үлкен роль атқарды. Халық университетінің оқытушылары жұмысшыларды мектепке тарта бастады, «олар жұмысшы аудандарының әрбір үйіне кіріп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді және халық университетінде оқығысы келетіндердің тізімдерін жасады» [29, 1 п].

Түркістан халық университетінің тікелей ықпалымен республиканың басқа қалаларында да – Скобелевте, Қоқандта, Самарқандта және т.б. оның филиалдарын ашуға ұмтылыс жасалды. Дегенмен, олар Университет деп аталғанымен, шын мәнінде университет бола алған жоқ. Нәтижесінде ТАКСР Кеңесінің VIII съезінің шешімімен Түркістан университетінен басқа барлық халық университеттері кешкі мектептер болып өзгертілді [30, с. 250].

Халық университетінің құрылуы мен мектептердің ашылуы Түркістан қоғамында кеңінен қолдау тапты. Халықтың білімге деген құштарлығының зор болғандығы сондай, «Халық университетінің жеке мектебінің және төменгі саты мектебінің ашылған сәтінен-ақ он жастан 55-жасқа дейінгі білім алуға құштар адамдар ағылып келе бастады. Әкесі баласымен, атасы немересімен бірге келді... Бұл көріністің құдыреттілігімен күштілігі сондай, әрбір қызметкер, әрбір педагог өзіне деген халық сенімін, оның жұмысын асыға күтетінін түсінді. Сонымен қатар, мұғалімдерге ұлы емтиханды тапсыру сәті туды. Ол өзінің парызына толық берілуі тиіс болды» - деп жазылды 1918 жылдың құжаттарының бірінде [31, 48 п].

Халық университетінің ұйымдастырылумен Орта Азиядағы экономикалық және мәдени құрылыстың барлық салалары үшін ұлттық кадрларды дайындаудың негізі қаланды. ТАКСР-да Халық университетімен қатар Шығыс институты және батыс еуропа тілдерін оқып үйренудің жоғарғы курстары құрылады. Өлкеде Шығысты жалпылама және оның ішінде Түркістан өлкесін зерттеуге арналған өз алдына жеке жоғарғы оқу

орнын құру идеясын ең алғаш рет С.Ф.Ольденбург ұсынған болатын [4, с. 304]. Шетел тілдерін оқып үйренуді ұйымдастыруға В.Д.Фигельский көп еңбек сіңірді. Үлкен мәдениет иесі, математик, атақты Сорбонна университетінде білім алған Фигельский, өлкеде жаңа мәдени-ағарту мекемелерінің желісін құру және шетел тілдерін оқып үйрену үшін еңбек етті [32, с.10]. В.Д.Фигельскийдің идеясын өлкенің алдыңғы қатарлы интеллигенция өкілдері қолдады. Қазақ және басқа да түрік тілдес халықтардың Түркістанның болашағына әлемдік қатынастар орталығы ретінде қарағынын біз мұрағат құжаттарынан оқып білеміз. «Олар өздерінің армандарын таусылмас табиғи байлықтарға, күн сәулесіне, емдік бұлақтардың көптігіне және қоршаған ортаның керемет әдемілігіне негіздеді, өйткені бұлардың барлығы жыл сайын дүние жүзінен мыңдаған туристерді тартатын еді, ал бұл тіл мен мінез-құлықты өзара түсініскен жағдайда елдің гүлденуін жылдамдататын еді, сонымен бірге еңбекшілерді біріктіретін еді» [33, 31 п].

1918 жылы мамырда шетел тілдерін оқытушылардың бірінші ұйымдастыру жиналысы болды. Мұнда жаңа тілдерді оқыту курстарын ашуға шешім қабылданды. Бұл курстар университет құрамына енгізілмеді, бірақ тарихи-философиялық факультеттің қадағалауында болды. Жиналыста «шетел тілдеріне деген сұраныстың жоғары болуына» байланысты оқытушылардың «құқықтылығы» жөніндегі сұрақ күн тәртібіне бірінші болып қойылды [86, 37 п]. Осы жиналыста бес адамнан тұратын «қадағалау комитеті» құрылды, оның құрамына француз тілінің оқытушысы А.Кастанье, неміс тілінен – Э.Фингер, ағылшыннан – А.Машковцев кірді, комитеттің секретары болып В.Д.Белов сайланды [31, 26 п].

Шетел тілдері жөніндегі комитетті А.Кастанье басқарды. «Қадағалау комитетінің» функциясына мұғалімдер күшін бөлу, төменгі мектептерде тілдерді оқытуға бақылау, оқу құралдарын жеткізу және т.б. [31, 35 п]. Оқу топтарын жиырма тыңдаушыдан құруға ұсыныс берілді, ал олардың саны көбейген жағдайда қосымша топтар құру жоспарланды. Шетел тілдерін үйренуге деген сұраныстың көп болғаны соншалықты, кейбір мектептерде 14-ке дейін топтар ашылып, Халық университетінің барлық төменгі сатыдағы ашық мектептерінде – 60-қа дейін топтар құрылып, оларда 100 адамға дейін адам оқыды [34, 139 п]. Арнайы жиналыста «Шетел тілдерінің автономды топтарының басқармасы» құрылып, оған Халық университетінің төменгі сатылы барлық мектептерінде шетел тілдерін оқытудың дұрыс жолға қойылуын қадағалау тапсырылды. Шетел тілдерінің курстары оқу құралдарының жоқтығына байланысты үлкен қиындықтарды бастан өткерді. Көп жағдайда оқытушылар дәрістерін алдын ала парақтарға жазып, оларды тыңдаушыларға оқулық орнына таратуға мәжбүр болды. Оқытушы кадрлардың жоқтығына, оқу құралдарының, тұрақты жайдың болмауына және басқа да қиындықтарға байланысты шетел тілдерінің Жоғарғы курстары Халық университетіне шетел тілдері кафедрасы ретінде қайта қосылды, оған А.Ф.Машковцев жетекшілік етті. Күзде Түркістан Халық университетіне кірген көптеген оқу орындары мен мәдени мекемелері жеке

өз алдарына ұйымдарға айналды, енді барлық жұмыс факультеттердің жұмысына жұмылдырылды. Бұл уақытта ауыл шаруашылық факультетінде 400 тыңдаушы, жаратылыстану-математика факультетінде – 200, әлеуметтік-экономикалық факультетте – 187, техникалық факультетте – 186 және әдеби-философиялық факультетте – 187 тыңдаушы болды [35, 2 п].

Студенттер құрамы әр түрлі еді: жұмысшылар, жұмысшы-шаруалардың балалары, қызметкерлер және т.б. Тыңдаушылардың көпшілігі мекемелер мен кәсіпорындарда жұмыс істеді, сондықтан сабақтарды кешкі уақыттарда өткізуге тура келді. Бірақ, соған қарамастан сабаққа қатысу жоғары дәрежеде болды. Университетке оқуға түскен жұмысшылар алғашқы күннен-ақ білім алуда тұрақтылық пен бекемдік танытты. Түркістан Республикасының үкіметі көтерген мәселенің бірі – медициналық факультетті құру жөніндегі ұйымдастыру жұмыстары болды. Өйткені, Ташкенттегі өлкелік медицина мектебі мен оның базасында құрылған медициналық факультет – педагогикалық кадрлардың жетіспеуі салдарынан дәрігерлерді дайындауды қамтамасыз ете алмады.

Түркістан үкіметінің өтініші - Москваның медицина қауымынан қызу қолдау тапты. Ресейдің өкімет органдары да өтінішті қолдап, Түркістан Мемлекеттік университетінің москвалық тобына практикалық көмек көрсетті. 1919 жылдың күзінде Ташкентте медициналық факультетте жұмыс атқарғысы келетін үміткерлер нақты белгілі болды. 1919 жылы 13 қыркүйекте Оқу кеңесі оның бірінші оқытушыларын іріктеді. Олардың қатарында профессорлар К.Г.Хрущов, А.Н.Крюков және т.б. болды. Медициналық факультеттің деканы болып профессор П.П.Ситковский тағайындалды. Алайда, медицина мамандарына деген мұқтаждық, орталықтан келетін көмекті күтуге мүмкіншілік бермегендіктен, университетте жергілікті күштер мен медициналық факультет ашылды. Ол 1919 жылы тамызда Түркістан Республикасының Денсаулық Халық комиссариаты құрған өлкелік медицина мектебінің базасында ұйымдастырылды. Жаңа факультеттің жұмысына профессорлар Г.Н.Броверман мен Л.В.Ошанин көп үлес қосты. Әлемге белгілі хирург, сепсиспен күресудің қазіргі заманғы әдісінің негізін қалаушылардың бірі профессор В.Ф.Ясенецкий-Войноның еңбегі зор болды.

Медициналық факультеттің ұйымдастырылуы да үлкен роль атқарды, оның жағдайы басқалармен салыстырғанда жақсы болды. Біріншіден, оның кафедраларында, ұйымдастырылған кезден бастап, жиырма профессор мен он тоғыз оқытушы жұмыс істеді, екіншіден, ол орталықтан келген ғалым-дәрігерлер тарапынан күшті нығайды, үшіншіден, 1919 жылдың сәуірінде ашылған бұл факультет бұрынғы өлкелік медицина мектебінің негізінде жұмыс істеді. Түркістан Республикасының Халық комиссарлар Кеңесінің 1920 жылғы 5 мамырдағы қаулысымен медициналық факультетке бұрынғы кадет корпусының кең ғимараты және Полторацкий атындағы аурухана барлық мүліктерімен берілді [36, 19 п].

Факультет жанынан медициналық ғылыми қоғам құрылды, оның бастамасымен Орта Азия дәрігерлерінің съездері шақырылып отырылды,

онда денсаулық сақтау ісінің маңызды мәселелері шешіліп отырылды. Съездер жергілікті жағдайларды терең зерттеу негізінде алынған бай материалдарды жинақтады [37, 34 п].

Жоғарғы мектепті демократияландыру мақсатында еңбекшілерді жоғарғы мектептерге түсуге кеңінен даярлаудың тамаша нысаны – жұмысшы факультеттері туындады. РСФСР халық ағарту комиссариатының 1919 жылғы 11 қыркүйектегі қаулысымен республикалардың университеттерінде даярлық курстары ашыла бастады. Олар жұмысшы – шаруаларды жоғарғы оқу орындарына қысқа мерзімде даярлайтын өз алдына бөлек оқу- қосымша білім беру мекемелері болды. Өз кезегінде Түркістан Республикасының Орталық атқару комитеті де «жұмысшылар мен шаруаларды жоғарғы білім алуы және олардың ғылыми тәжірибені иеленуі үшін даярлау» мақсатында Түркістан университеті жанынан жұмысшы факультетін ашу туралы шешім қабылдады [37, 36 п]. Жергілікті ұлт өкілдерінен жұмысшы факультеттеріне түсу үшін тек еңбекші табы жататындығы талап етілді. Жұмысшы факультеттерін ұйымдастыру арқылы еңбекшілерді, оның ішінде жергілікті ұлт өкілдерін, жоғарғы білімге ұмтылдыруға маңызды қадам жасалды. 1920 жылы 11 ақпанда Түркістан Орталық Атқару комитетінің, ЦК КПТ мүшелерінің қатысуымен Түркістан университетінде жұмысшы факультетінің ашылуына байланысты салтанатты жиналыс өткізілді. 15 ақпанда университет дәрісханаларында сабақ өткізіле бастады. Университет, оның факультеттері мен кафедралары жұмысшы факультеттерінің оқушыларына барлық зертханаларын, оқу-қосымша білім беру кабинеттерін, кітапханаларын және т.б. пайдалануға берді. Жұмысшы факультетінің құрылған бес тобына 153 адам жазылды. Олар үшін математикадан, физикадан, зоологиядан, ботаникадан, тарихтан және ұлттық топта – ана тілінен дәрістер оқылып, сабақтар жүргізілді. Оқытушылыққа 38 адам тағайындалды (В.П.Добролюбов – декан және ботаника пәнінің оқытушысы, И.Ф.Горский – математикадан, Д.С.Греницкий – тарихтан, Б.Хабиб – физикадан сабақ берді және т.б.) [37, 42 п].

Іс жүзінде Университетті көпшілікке таныту мен жергілікті ұлт өкілдерін оқуға тартуда университеттің баспа комиссиясы көп жұмыс атқарды. «Халық университеті» және «Халқ дарилфунуни» газеттерімен қатар «Еженедельник народного университета» журналы шығарыла бастады. Университет газеттері мен журналдарында «Халық университетінің мұсылмандық секциясында», «Мұсылмандық халық мектебі жөнінде» және т.с.с. тақырыптарында мақалалар мен жазбалар жиі жарияланатын болды. Бұл материалдарда жергілікті тұрғындар арасында сауаттылық пен білімді тарату және ұлттық кадрларды университетке түсуге даярлаудың жағдайы бойынша университеттің жұмысы кеңінен насихатталды. Медициналық факультеттің қызметкерлері «Туркестанский медицинский журнал» атты журналын шығара бастады, ол көп ұзамай елдегі жетекші медициналық басылымға айналды.

1920 жылдың бірінші жартысында Түркістан университетінде 1314 студент болды, олар әлеуметтік-экономикалық, тарихи-филологиялық,



жаратылыстану-математика, ауылшаруашылық, техникалық және медициналық секілді алты факультетте білім алды.

Университеттегі жұмыс қиын жағдайларда жүргізілді. От жағылмаған дәрісханаларда, май шамдардың жарығымен дәрістер оқылып, практикалық жұмыстар жүргізілді. Оқытушылар түн ортасы ауғанға дейін ертеңіне таңертең жұмысқа баратын студенттермен сабақ өткізді. Нашар құрал-жабдықтары бар зертханаларда іс-тәжірибелер өткізіліп, еңбектер жазылды. Сол кездің өзінде-ақ жұмыстың сапасы туралы мәселе көтерілген болатын. Коммунистердің жетекшілігімен оқу орнында және одан тыс жерлерде үлкен қоғамдық жұмыстарды атқаратын университет активі жұмылдырылды.

Интеллигенцияның алғашқы ұлттық кадрларын дайындауда Түркістанның көрнекті қайраткерлері үлкен роль атқарды. Халық университеті мен оның жұмысын ұйымдастыруда үкіметтің Орта Азия мен Бакудегі Төтенше комиссары И.А.Кобозев үлкен еңбек етті, ол біраз уақыт техникалық факультетте конституция мен энергетика курстарынан дәріс оқыды. Халық университетінің алғашқы оқытушыларының қатарында В.И.Романовский, М.А.Зарудный, В.П.Дробов, А.В.Попов, Г.И.Черданцев, Н.А.Лаппо-Данилевский, А.А.Диваев, А.Э.Трапезников, Р.Р.Шредер, М.М.Протодияконов, А.А.Семенов сияқты атақты ғалымдар мен Орта Азияның білгірлері болды. Ұлттық интеллигенциядан – М.Рахимий, С.Рахимий, Ф.С.Бакиров (қазір заң факультетінің профессоры), М.Исмаилова, Мухаммедова, Р.Юсуфбекова, Х.Ирисбеков, М.Фахрутдинов және басқалары [37, 57 п].

1919-1920 жылдардың қиын жағдайында Түркістан мемлекеттік университетінің профессор-оқытушы құрамы оқу-көмекші мекемелерін нығайту, оқу процесін жетілдіру бойынша жұмыстарды жалғастырды. Студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру үшін университет Ташкент түбінде орналасқан «Қапланбек» мемлекеттік жеріне ие болды. Анатомиялық кабинет пен психологиялық зертхана ұйымдастырылды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жолға қойылып, университет ғылыми қоғамы пайда болды. Олардың ең алғашқысы 1918 жылы шілдеде Халық университеті жанынан ұйымдастырылған Ташкент физика-математика қоғамы және әлеуметтік-экономикалық факультет жанындағы статистикалық-экономикалық қоғам болды.

Жалпы алғанда, екі оқу жылының өзінде-ақ Түркістан университетінің ұжымы үлкен жетістіктерге жетті. Бірақ, осымен жергілікті ресурстар толығымен пайдаланылып, Түркістан мемлекеттік университетінің бұдан былай жоғарғы оқу орны ретінде өмір сүруі мүмкін болмады. Білікті оқытушылардың жетіспеушілігі, оқу құралдарының жетіспеушілігі, қажетті ғылыми әдебиеттердің жоқтығы күн сайын қатты сезіле бастады. Осы қиындықтарды сырттан келетін көмексіз жеңіп шығу мүмкін емес еді.

Университетті құруға кіріскен кезде, Ташкент ғылыми-педагогикалық қоғамы өздерінде бар күшпен тек бастапқы курстардың жұмысын қамтамасыз етуге болатынын жақсы түсінді. Сондықтан, оны ұйымдастырушылар алғашқы кезден-ақ Ресейдің ежелгі университеттерінің

жан-жақты көмегіне сүйенді. Осыған байланысты, 1918 жылы 20 сәуірде, оның салтанатты ашылуының алдында, оның кеңесі ғылыми-педагогикалық персоналдарды тарту, қажетті құралдар мен әдебиеттерді жинау үшін Москва мен Петроградқа баратын арнайы делегация ұйымдастырды. Делегацияның құрамына шығыстанушы А.А.Семенов және инженер И.Г.Белов кірді. 1918 жылы мамырда олар Түркістаннан Ресейге жүріп кетті, онда Халық комиссарлар Кеңесі мен Халық Ағарту комиссариатының қолдауына ие болды.

Ташкент делегациясын Петроград пен Москваның ғылыми қоғамдары жылы қабылдады. 1918 жылы 29 маусым-1 шілде аралығында Москвада Түркістан делегаттары мен орталық жоғарғы оқу орындары өкілдерінің Ташкентте университет ұйымдастыруға арналған кеңесі өткізілді. Оның жұмысына көптеген отандық ғылымның көрнекті қызметкерлері, оның ішінде «орыс авиациясының әкесі» Н.Е.Жуковский, аэродинамика саласындағы ірі маман С.А.Чаплыгин, талантты инженер-суландырушы Г.К.Ризенкамф, атақты орыс шығыстанушысы В.В.Бартольд, географ Л.С.Берг және басқалары қатысты. Кеңесте Ташкентте физика-математикалық, техникалық, ауыл шаруашылық, тарих-филологиялық факультеттерін құру жобалары талқыланып, мақұлданды. Бұдан басқа, Москва және Петроград бөлімшелері бар ұйымдастыру бюросы құрылды, оған Түркістанға жұмыс істеуге барғысы келетін мамандарды іздестіру мақсатында құрылып жатқан университеттің кадрларға деген қажеттіліктері жөніндегі мәліметтерді ғылыми орталарда кеңінен тарату, кітаптарды, құралдарды, приборларды жинақтауды жүйелеу, жаңа жоғарғы оқу орны туралы ереже жобасын әзірлеуді бастау міндеттері жүктелді. Осы қажеттіліктерге байланысты Халық ағарту комиссариаты нақты ақша түрінде 30 мың рубль қаржы бөлді [36, 18 п].

Өзінің мәні мен мағынасы жағынан, өзінің құрылымы бойынша халық университеті көпшілікті тарта білді және адамдарға әр түрлі сала бойынша білім беретін бастауыш кәсіптік білім берудің ірі мектебі болды. Бірақ, оған әлі де болса жоғары маманды кадрлар, оқу бағдарламалары, оқу құралдары мен ғылыми зертханалар жетіспеді. Сондықтан, 1918 жылғы мамырда Түркістан үкіметі Орталық үкіметтен көмек сұрады. Ұзамай Түркістан мемлекеттік университетінің ұйымдастыру комитеті құрылды [21, 4 п]. Н.К. Крупскаяның ықпалымен, бұл комитетке Москва, Петроград университеттерінің, Пертовск-Разумовский академиясының (қазіргі Тимирязев), Петроград технологиялық институтының ғалымдары, сондай-ақ Ташкент делегациясының өкілдері кірді.

Москва мен Петроградта Ұйымдастыру комитетінің екі бюросы мен кітапханалық комиссиясы құрылды. Аз уақыт ішінде комитет Түркістан университетінің құрылымын әзірлеу, оқытушы-профессор кадрларын таңдау, оқу бағдарламаларын құрастыру, әр түрлі жабдықтар мен кітапхана үшін кітаптар жинау жөнінде үлкен жұмыс істеді [21, 11 п].

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері университетті құруға белсене кірісті. 1918-1919 жылдардың қиын қысында, аштық пен суықта олар барлық

күштерін жас Түркістанда жоғары мектеп құруға жұмылдырды, сәулетші академик Шехтелдің жетекшілігімен университет ғимаратының жобасы әзірленді. Онда бас ғимараттың құрылысы, қазіргі заманғы зертханалар, кітапхананың арнайы ғимараты, клуб, профессорлар мен оқытушылар үшін тұрғын үйлер, студенттер үйлері, спорт сарайлары көрініс тапты.

1919-20 жаңа оқу жылдарын Түркістанның халық университеті алдағы кездегідей өте ауыр жағдайда қарсы алды. Түркістан азамат соғысының барысында бұрынғыдай оқшауланған күйде қалды. Оқу орнының ұйымдастырушылары бұрынғысынша тек өздерінің шектеулі мүмкіндіктеріне сүйенетін болды. Осыған қарамастан бірінші және екінші курстарда сабақтар басталды. Барлық факультеттердің құрамында бөлімшелер құру түгелдей дерлік аяқталды: Техникалық факультетте, құрылыс және механикалық, жаратылыстану-математика факультетінде, жаратылыстану және математика, тарих-филология факультетінде тарих және сөз, әлеуметтік-экономикалық факультетінде заң және экономикалық бөлімдер құрылды.

1918 жылдың 29 желтоқсанында Москвада Түркістан университеті оқытушыларының алғашқы жиналысы өткізілді. Кейіннен мұндай жиналыстар тұрақты түрде өткізіле бастады және бірнеше айлар аралығында оқу кеңесінің қызметін атқарды.

Москва мен Петроградтағы барлық ұйымдастыру жұмыстары Түркістанның Орталық Ресейден оқшауланып қалған жағдайында жүргізілді. Университетті құру жұмыстарының жағдайы туралы жалпы мәліметтерді білу үшін Москва мен Ташкент арасында қатынас орнату өте маңызды болды. Бұл міндет Ресей орталық өкімет орындарының көмегімен шешімін тапты. 1918 жылы тамызда Орталық комитет Кеңес үкіметінің Орталық Азиядағы төтенше комиссары П.А.Кобозевке Түркістан мен Ресей арасында байланыс орнату үшін іс-шараларды әзірлеуді тапсырды. П.А.Кобозев Түркістан университеті үшін көп жұмыстар атқарды. Ол бірнеше рет ұйымдастыру комитетінің отырыстарына қатысты, Ташкентпен тікелей радиотелеграфтық байланыс орнатуға көмектесті, ол жаққа университеттің жұмыстары туралы мәліметтер жіберіп отыруды міндеттеді. Оның Орта Азиядағы бірінші оқу орнын құру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру туралы ұсынысы ерекше маңызға ие болды. Оның өкімімен университеттің қажеттіліктеріне 250 мың рубль қаржы бөлінді [38, с.305].

Түркістан мемлекеттік университетінің ұйымдастыру комитетіне Ресей Халық ағарту комиссариаты да тұрақты көмек пен қолдау көрсетіп отырды. Москвада болған Түркістан университетінің қызметкерлерінің арасында өз саласының көрнекті мамандары мен ірі ғалымдар болды. Бірақ олардың басым көпшілігі демократиялық көзқарасты ұстанды. Мұндай көзқарасты қолдаушылар москвалық топта да кездесті. Олардың мұндай көзқарастары Түркістан мемлекеттік университеті туралы заңнамалық актінің жобасын дайындау кезінде көрінді. 1918 жылдың желтоқсанына қарай әзірленген алғашқы жобаға құрастырушылар Ташкенттегі факультеттер орталық жоғарғы оқу орындарының филиалдары болады, ал олардың оқытушылар

мен профессорлары Түркістанға уақытша іс-сапарға жіберіледі және олардың Москва мен Петроградтағы жұмыс орындары сақталады деген тармақты қосады. Жобаның бұл ережелерін П.А.Кобозев қатаң сынға алады. Ұйымдастыру комитеті өзінің күнделікті жұмысында орталық Ресейдің көптеген ғылыми мекемелерінің тұрақты қолдауына сүйенді. Петроград ботаникалық бауы оған өз коллекциясының бір бөлігін берді. Басты физикалық обсерватория университет обсерваториясын ұйымдастыруға өзінің көмегін ұсынды, Халық комиссариатының жер алқасы ауыл шаруашылық машинатану бойынша практикалық сабақтар үшін құралдарын берді. Университет ғылыми кітапханасының қоры да тез толық бастады. Оларды толықтырудың негізгі көзі ғылыми мекемелер мен жоғарғы оқу орындарының кітаптарды тегін беруі болды. Кітаптар Москва табиғат сынау қоғамынан, Румянцев мұражайынан, Петроград темір жол инженерлері институтынан, Орыс техникалық қоғамынан, Петроград азаматтық инженерлер институтынан, Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімінен келіп түсе бастады. Осындай жұмыстармен қатар ұйымдастыру комитеті әр түрлі факультеттерде сабақ беру мәселесін, оқу-көмекші мекемелерін құруды талқылауды жалғастырды, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірледі, Түркістан мемлекеттік университетіне профессорлар мен оқытушыларды тартумен айналысты. 1919 жылдың тамызына дейін 70-ке жуық ғылыми қызметкер жаңа оқу орнында сабақ беруға келісімдерін берді [39, с. 97].

1919 жылғы 30 тамызда өткен профессор-оқытушылар құрамының жалпы жиналысында профессор П.А.Димо-университет ректоры, шығыстанушы, профессор А.Э.Шмидт – оның орынбасары болып, сонымен бірге басқарма және университет кеңесі сайланды. 1920 жылдың ақпанында Москва мен Түркістанды жалғайтын жол қалпына келтірілгеннен кейін оқытушылар мен құрал-жабдықтарды Түркістанға жөнелту мүмкін болды. Университет үшін Шығыс майдандағы арнайы әскери-санитарлық №159 поезд бөлінді. Оқытушылардың өздері 20-дан аса вагонға университет мүліктерін тиеді. 15 ақпанда түнгі сағат 3-те Қазан вокзалынан бірінші университет эшелоны аттандырылды. Ташкентке жоғары білікті маман-оқытушылар, Москва және Ленинград жоғарғы оқу орындарының профессорлары жіберілді. Арнайы поездбен Ташкентке құрал-жабдықтар мен оқу құралдары келіп жетті [38, с.220]. Эшелон жолға шығар алдында университеттің өкілдерін Халық Комиссарлар Кеңесінде В.И.Лениннің атынан Іс басқарушысы В.Д. Бонч-Бруевич қабылдап, осы қиын және игілікті істе табыстар тіледі. Шынында да алғашқы эшелонның жолаушыларына жекелеген анархистер мен темір жол жұмысшыларының арасындағы бас көтерушілердің қарсылықтарын басуға тура келді. Университет поезы Базарная және Батраки стансаларында 3 тәулік және Ақтөбеде 15 тәулік жолда тоқтап тұрды. Ақ-бұлақ станциясында паровозды анархистер басып алды. Осы кезде РСФСР Халық комиссарлар кеңесіне өтініш айтуға мәжбүр болды, олардан 159 санитарлық поезды тез арада жөнелту қажеттігі айтылған телеграмма алынғаннан кейін ғана поезд өзінің жолын жалғастыра

алды. Қар қалың жауып, жолды басып қалған, паровоздың суы таусылып, жағатын отын таусылып қалды, бірақ эшелондағы ғалымдар жолды қолдап қардан тазалады, ағаштарды отынға кесті, паровозға су тасыды. Ташкентке келе жатқан ғалымдар осы жолда-ақ өздерінің азаматтық борыштарын орындайтынын, нағыз күрескер екендігін көрсетті. Бұдан басқа, олар жол бойында кейбір стансаларда жергілікті тұрғындарды жинап, оларға медицина мен астрономиядан дәрістер оқыды, концерттер қойып, сұрақтарға жауап берді, сондай-ақ үйлерді аралап, ауыр науқастарға көмек көрсетті. Университет поезы өзінің жолының 52- күні 10 сәуірде Ташкентке келді.

Түркістан үкіметінің өкілдері, Халық университетінің жетекшілері, студенттер мен қала тұрғындары поезды үлкен қуанышпен қарсы алды.

Москвада кеңес өкіметінің орталық органдарының жан-жақты қолдауымен жүргізілген мақсатты және жемісті еңбек Ташкентке барлық жиналған құрал-жабдықтар мен әдебиеттерді жөнелткен жағдайда, ұйымдастыру шараларына қатысқан барлық ғылыми қызметкерлер Ташкентке көшкен жағдайда ғана толық аяқталатын еді. Бірақ, оны азамат соғысы мен соған байланысты көлік байланысының нашарлауы жағдайында жүзеге асыру өте қиын болды. Тек 1919 жылдың соңында ғана ақ гвардияшылар Шығыс майданында талқандалғаннан кейін, «орынбор тығыны» жойылған соң ғана Түркістан мен

Орталық Ресей арасында тікелей темір жол байланысын орнату мүмкін болды. Түркістан мемлекеттік университетінің Москва басқармасы өзінің басты және негізгі міндеті – Ташкентке профессор-оқытушы құрамы мен оқу құралдарын жіберу жұмыстарына кірісті. Бұл міндет М.И.Калининнің, М.А.Семашконың, В.Д.Бонч-Бруевичтің тікелей көмегімен жүзеге асырылды.

Ташкентке көшуге дайындық 1919 жылы қарашада басталды. Алғашында университет үшін Түркістанға 1919 жылы 20 желтоқсанда жүретін арнайы эшелон берілмекші еді. Осы уақытқа дейін Москва басқармасы университеттің Ташкент бөлігінің жағдайымен танысатын және қалғандарына Орта Азиядағы жұмыс жағдайы жөнінде ақпарат беретін арнайы делегация дайындады. Делегацияның басшысы болып профессор А.Э.Шмидт тағайындалды. Солармен бірге Ташкентке педагогикалық персоналдың бір бөлігі мен университет мүлкін жіберу туралы шешім қабылданды. Орта Азияға бірінші эшелонмен кетуді басқарма оқу кеңесінің санкциясы ерікті іс деп жариялады. Кетуге келісім бергендер көп болды. Басқарма Ташкентке шұғыл кетуге келісім берген 28 профессор мен 25 оқытушыны тіркеді. Осымен тіркеуді тоқтату қажет болды.

20 тамызда түркістандықтар екінші университет эшелонын, ал 12 қыркүйекте үшіншісін қарсы алды. 1920 жылы Ташкентке орталықтан барлығы 6 эшелон келді. Осылайша, Ташкент университетінде жұмыс істеуге Москва мен Ленинградтан 86 профессор мен оқытушылар келді, олар 60 мың том кітап пен зертхана құрал-жабдықтарын алып келді. Орталық пен Ташкенттің таңдаулы ғылыми-педагогикалық кадрларын біріктіру нәтижесінде Түркістан мемлекеттік университетін құру аяқталды. Осы игілікті істе Түркістанға алғашқы болып ғалымдар тобын жіберген және

практикалық сабақтарға арналған құрал-жабдықтарды бөлген Москва университеті белсенді рөл атқарды [38, с.250].

Түркістан мемлекеттік университетінің ұйымдастыру комитеті құралдарды, ғылыми әдебиеттер мен оқу құралдарын жинау жөнінде белсенді жұмыс жасады. Алдын ала штаттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар әзірленді. 1918 жылы желтоқсанда Түркістан Мемлекеттік университетіне алғашқы профессорлар мен оқытушыларды жұмысқа қабылдау жүргізілді. Сол кездегі тәртіп бойынша олар орталық жоғарғы оқу орындарының оқу кеңестерімен сайланып және ұйымдастыру комитетіне жіберілді. Алғашқы 11 профессор Москва университетінің физика-математика факультетінің оқу кеңесімен сайланды. Олардың қатарында Орта Азияның бірінші жоғарғы оқу орнын құруда көрнекті роль атқарған Н.А.Димо, С.Н.Наумов болды.

Осылайша Түркістан университетінің москвалық тобы зерттеу және ғылыми-көпшілік жұмыстарын жүргізе алатын ұйымға айналды. Осылардың бәрін ескере отырып, топ ұжымы жарғысы 1919 жылы тамызда бекітілген Түркістан ғылыми қоғамын құруға шешім қабылдады. Топ мүшелерінің жалпы жиналысы Москвада Түркістан жөніндегі ғылыми-көпшілік дәрістерін оқуды бастау, Орта Азия туралы материалдар жиынтығының көрмесін ұйымдастыру, жалпыға бірдей пайдаланылатын университет кітапханасын ашу туралы қаулы қабылдады.

1919 жылы тамызда Түркістан университетінің Москва тобының әкімшілік органдары қайтадан өзгерістерге ұшырады. Ұйымдастыру комитеті таратылды, оның орнына өзін ресми түрде Оқу кеңесі деп жариялаған оқытушылардың жалпы жиналысы Түркістан мемлекеттік университетінің басқармасын сайлады. Оны ректор болып сайланған профессор Н.А.Димо мен оның орынбасары болып тағайындалған профессор А.Э.Шмидт басқарды. Осының нәтижесінде өзіндік ерекше жағдай қалыптасты, екіге бөлінген ұжымды екі басқарма – москвалық және ташкенттік, екі ректор – Москвада Н.А.Димо, Ташкентте Г.Н.Черданцев тұрды.

Жалпы алғанда, университетті құруда Москва мен Пеотроградтан келген орыс профессорлары мен оқытушылары көп еңбек сіңірді. 1920 жылы Р.И.Аболин, В.В.Бартольд, Н.А.Баранов, А.Л.Булгаков, А.В.Благовещенский, Л.В.Василевский, Ю.Н.Голубкова, Н.А.Димо, Г.А.Ильин, Д.Н.Кашкаров, К.Ф.Кетов, С.М.Комаровский, Е.Я.Кульмасов, Н.Е.Лебединский, Н.А.Маркелов, В.Р.Мухин, С.Р.Наумов, М.А.Орлов, К.И.Пангалов, Н.Н.Златовратский, М.А.Захарченко, С.А.Молчанов, И.А.Райкова, А.Я.Рождественский, Н.И.Ситковский, А.С.Уклонский, К.Г.Хрущев, С.Э.Циммерман, Р.Р.Циммерман, М.М.Якуб және т.б. келді. Университетті ұйымдастыру мен оны дамытуда жергілікті ғалымдар Н.Ф.Боровский, Е.И.Зелесский, М.Г.Запрометов, М.И.Слоним, Л.А.Молчанов, Л.В.Ошанин, Н.Л.Корженевский, А.А.Семенов, В.И.Романовский, Г.С.Зайцев, Б.С.Малыгин, Г.Н.Черданцев, Р.Шредер және басқаларының еңбектері зор. Өте қиын жағдайда олар Орта Азия республикаларының барлық саласы үшін

кадрларды, оның ішінде ұлттық кадрларды дайындау жұмыстарын бастады [39, с. 23].

1920 жылы қаңтардың соңында Бас санитарлық басқарма төтенше шара тәртібінде Түркістан мемлекеттік университетіне №159 санитарлық поезде берді.

1920 жылы 19 ақпан күні түнде Москваның Брянск (қазіргі Киев) вокзалынан оқытушылар мен олардың отбасылары мінген, құралдар мен ғылыми кітапхананың бір бөлігі тиелген бірінші университет эшелоны Ташкентке жүріп кетті. Сол кездегі газеттер Ташкентке жұмыс істеуге кеткен профессорлардың, оқытушылар мен ассистенттердің аттарын жариялады. Олар: И.П.Рождественский, П.П.Ситковский, М.А.Захарченко, Е.М.Шляхтин, В.В.Васильевский, И.И.Маркелов, Г.А.Ильин, В.А.Смирнов, В.К.Вальцов, С.Э.Циммерман, Д.Н.Кашкаров, А.Л.Бродский, М.А.Орлов, Д.В.Жарков, Н.Н.Златовратский, С.С.Медведев, С.П.Аржанов, Р.Р.Циммерман, Н.А.Бобринский, В.М.Комаревский, Э.К.Эпик, М.Г.Попов, И.А.Райкова, А.И.Носалевич, Х.Ф.Кетов, Д.А.Морозов, А.Э.Шмидт еді [37, 22 п].

Көліктегі дағдарысқа байланысты бірінші университет эшелоны жолда екі айға жуық уақыт жүріп, Ташкентке 1920 жылы 10 сәуірде келді. Мамыр айында №159 санитарлық поезы Москваға қайта оралды. Онымен бірге Москваға Ташкент тобы Москва басқармасына Түркістандағы жағдай туралы мәлімет беруге өкілдік берген профессор А.А.Семенов та астанаға келді. Оның жеткізген мәліметтері бойынша Ташкенттегі жағдай университет қызметі үшін қолайлы екендігін және москва мен жергілікті ғылыми-педагогикалық күндер арасында жемісті ынтымақтастық үшін барлық жағдайлардың бар екендігін көрсетті.

Осы жылы 10 тамызда Москвадан екінші эшелон шығып, 28 тамызда Ташкентке медициналық, тарих-филологиялық және техникалық факультеттері оқытушыларының бір тобын және құралдардың жаңа партиясын жеткізді. Үшінші университет эшелоны Ташкентке 12 қыркүйекте келсе, төртіншісі қазанның ортасында Ташкентке профессор Н.А.Димо бастаған москва басқармасын жеткізді. Соңғы құрамында №3 дәрігерлік поезд бен университет мүлкі тиелген №4 поезд-қойма бар бесінші эшелон Ташкентке 1920 жылы қазанның соңында келді. Осы эшелондарды дайындаумен байланысты барлық ұйымдастыру-техникалық жұмыстар профессор Н.И.Лебединскийдің басшылығымен жүргізілді.

Соңғы эшелондарды жіберумен Түркістан университетінің тарихындағы Москва кезеңі аяқталды. Астанада тек университеттің өкілдігі ғана қалды, ол 1922 жылға дейін қызмет атқарды. Оның құрамына профессорлар Л.С.Берг, Г.К.Ризенкамф, В.В.Стратонов, А.Е.Снесарев кірді.

Жалпы алғанда, Москва тобы үлкен жұмыстар атқарды. Ол физика-математика, медициналық, техникалық және тарих-филология факультеттерінің алдағы бірнеше жылғы қызмет атқаруын қамтамасыз етті. Москвада осы факультеттер үшін дайындалған оқу жоспарлары мен бағдарламалары сол кездегі ғылымның үлкен жетістіктерінің қатарында болды. 1920 жылдары орталықтан Түркістанға жоғарғы ғылыми және

педагогикалық білікті 43 профессор мен 43 оқытушы келді. Олардың көпшілігі сол кезде-ақ Ресей мен шетелдердің ғылыми ортасына танымал болса, көпшілігі Орта Азиядағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде көпшілікке танылды.

Москва тобының күшімен Ташкентке 70-ке жуық вагонда университет мүлкі жиналып, жөнелтілді. Олардың қатарында бағалы зертханалық құралдар, гербарийлер, карталар коллекциясы, 50 мың томнан аса ғылыми және оқу әдебиеттері бар. Осылардың арқасында Ташкенттегі университеттің көп қырлы қызметі одан әрі жалғастырылды. Нәтижесінде 1919 жылдың соңында университеттің құқықтық жағдайы өзгерді. РСФСР-дағы жалпыға бірдей номенклатураға сәйкес 1919 жылы желтоқсанда «Түркістан халық университеті» «Түркістан мемлекеттік университеті» болып атауы өзгертілді.

1920 жылы күзде Түркістан Мемлекеттік университеті жаңа оқу жылына толыққанды жоғарғы оқу орны ретінде кірісті.

Жаңадан құрылған университет Ресей үкіметі тарапынан тұрақты қолдауды қажет етті. Түркістан республикасы жас оқу орнын қажетті деңгейде қаржыландыруға керекті ақша қаражаттарын бөлуге шамасы жетпеді. Оны ұстап тұру үшін қаражат тұрақсыз және қажетті деңгейде болмады. 1920 жылдың ортасына қарай университет тек оның қызметкерлерінің жанкештілігімен өмір сүрді. Осындай қиын жағдайдан шығатын бір ғана жол, Ресей үкіметінен көмек сұрай болды. Ташкент педагогикалық ұжымы мен Түркістанға келген бірінші Москва тобының тапсырмасымен бұл мәселені Москва басқармасының алдына 1920 жылы маусымда А.А.Семенов қойды. Басқарма, содан кейін Оқу кеңесі тиісті заң актісін қабылдауға өтініш беруге шешім қабылдады. Бұл жобаның негізгі идеясы университетті Халық ағарту комиссариатының қарамағына беріп, оны ұстауды елдің жалпы мемлекеттік бюджетінің есебінен жүргізу болды. Москва тобының ректоры осы жобаны 1920 жылы шілдеде тиісті мекемелердің алдына қойды. Жоба мақұлданып, республика үкіметінің қарауына ұсынылды.

1920 жылы 7 қыркүйекте Халық комиссарлар кеңесі Түркістан жоғарғы оқу орны туралы баяндаманы тыңдап, Ташкентте Мемлекеттік университетті құру туралы декрет қабылдады. Декретте: «1. Ташкент қаласында мемлекеттік университет құрылсын. 2. Түркістан мемлекеттік университеті тікелей Ресей Халық ағарту комиссариатының қарауына берілсін. 3. Университетті ұстау үшін қаражат осы комиссариаттың сметасы бойынша бөлінсін.» - делінген.

Университеттің ұйымдастырылуының аяқталғанын рәсімдеген осы тарихи декреттен Ташкент мемлекеттік университетінің даңқты тарихы басталады. Қалпына келтіру кезеңінде елдің оқу орындарының алдында күрделі міндеттер тұрды. Оларға жоғары білікті мамандар даярлау жөнінде үлкен жауапкершілік жүктелді. Ауыл шаруашылық және педагогикалық жоғарғы оқу орындарының жұмысын жақсартуға қатты көңіл бөлінді.



Өз қызметінің жаңа сатысын Түркістан мемлекеттік университеті маңызды ұйымдастырушылық мәселелерді шешуден бастады. Ең алдымен профессорлар мен оқытушылардың Москва және Ташкент топтарын біріктіру қажет болды. Олардың арасындағы іскерлік байланыс Түркістанға бірінші университеттік эшелон келген кезде-ақ орнатылған болатын. 1920 жылы 23 сәуірде өткізілген Түркістан мемлекеттік университетінің басқармасы мен Москва тобының президиумының біріккен мәжілісінде университеттің басшы органдарының құрамы москвалықтармен толықтырылды.

1920 жылы желтоқсанда ректордың сайлауы өткізілді. Ректор болып техникалық факультеттің студенті А.Ф.Солькин сайланды. Ол университеттің басқармасын жарты жыл басқарды. 1921 жылы мамырда университет ректорлығына оны 1926 жылдың қарашасына дейін басқарған профессор А.О.Бродский сайланды. В.И.Романовский, Л.В.Ошанин, Г.Н.Черданцев, А.А.Семенов, Р.Р.Шредер, Г.Г.Маллицкий, Н.А.Кайзер, М.И.Слоним, Г.М.Сваричевский сияқты орыс мәдениетінің көрнекті өкілдері өздерінің тағдырын Орта Азиямен байланыстырып, жергілікті халықты ағарту туралы армандады.

Ал С.Н.Наумов, П.А.Баранов, Е.П.Корвин, М.М.Якуб, Д.Н.Кашкаров, Н.А.Димо, М.А.Орлов, И.А.Райкова, А.И.Введенский, А.С.Уклонский, К.Г.Хрущов сияқты профессорлар мен оқытушылар ірі ғылыми орталықтарды Орта Азияда жоғарғы оқу орнын құру үшін қалдырып кетті [37, 85 п].

Орынбор майданы жойылып, Орта Азия мен Россия қосылғаннан кейін Ташкентке М.В.Фрунзе мен В.В.Куйбышев бастаған Түркістан істері жөніндегі комиссия келді. Комиссия университет жұмысына көп назар аударды. Оның басшылығы Түркістан мемлекеттік университетінің жұмысын тез арада жолға қоюға, Ташкентке маңызды техникалық және шаруашылық мәселелерін шешу үшін мамандардың келуіне үлес қосты, оқу ғимараттарын таңдауға көмек көрсетті, жергілікті тілді білетін мамандарды дайындау мәселесін күн тәртібіне қойды. М.В.Фрунзе ауыл шаруашылық және техникалық факультеттерге көп көңіл бөлді, өйткені олар Орта Азияның табиғи ресурстарын игеруде маңызды орын алуы тиіс болатын.

Дегенмен, Университетті ұйымдастыру тарихы Түркістан комиссиясының және РКП(б) Түркістан Бюросының мүшелері М.В.Фрунзе, В.И.Куйбышев, П.А.Кобозев есімдерімен тығыз байланысты. Университет құрылымы мен оның жұмыс жоспарын әзірлеуге олар өздері қатынасты. М.В.Фрунзе мен В.И.Куйбышевтың бастамасымен университетке қаланың ең жақсы ғимараттары берілсе, профессорлар мен оқытушылар пәтерлерге орналастырылды.

Жоғарғы мектеп, оның ішінде Түркістан университетінің даму мәселесін талдай отырып, М.В.Фрунзе университеттің барлық қызметі тікелей нақты міндеттерді қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс екенін көрсетті.

Осыған байланысты М.В.Фрунзе университет құрамынан осы мамандықтар бойынша жеке өз алдына жоғарғы оқу орындары ашылғанша

ауыл шаруашылық және ирригациялық факультеттердің жұмыс істеуі қажеттілігін бірнеше рет дәлелдеді [39, с. 8].

Сонымен қатар, ол ғылымның тәжірибемен тығыз байланысының үлкен маңызын атап көрсетті. Ол әскери ғылымның жан-жақты дамуын талап етті. Яғни, 1919 жылдың қыркүйегінен бастап, Түркістан университетінің москвалық тобы Ресей Революциялық әскери кеңесінің тапсырмасына сәйкес, әскери факультетті құру дайындығын бастады. М.В.Фрунзенің бастамасы бойынша, 1920 жылы Түркістан мемлекеттік университетінде әскери факультет ұйымдастырыла бастады.

Факультеттің құрылуына М.В.Фрунзе бастаған Түркістан майданының басшылығы үлкен қызығушылық туғызды. Әскери кеңестен Москва басқармасына ұйымдастыру жұмыстарының барысы туралы тапсырмалар мен сұраныстар түсе бастады. М.В.Фрунзенің бастамасымен Москвамен бір мезгілде әскери факультетті құру жұмыстары Ташкентте де басталды. Түркістанның астанасында алдын ала студенттер контингенті орта әскери білімі мен әскери қызмет тәжірибесі бар адамдардан жинақталатын 150 адам болады деп есептелді. Әскери факультетті бағдарламалармен, құрал-жабдықтармен, әдебиеттермен және оқытушы кадрлармен қамтамасыз ету – Москва тобына жүктелді. Бұл міндет Бас штабтың Академиясымен бірлесе отырып шешілді. Мұнда әскери факультеттің жобасы әзірленді, оған стратегия, тактика, артиллерия, бас штаб қызметі, геодезия және топография, Орта Азияның әскери философиясы, әскери тарихы, әскери географиясы кафедралары енгізілді. Олардың барлығы дерлік білікті оқытушылармен қамтамасыз етілді. Әскери факультетті ұйымдастырумен байланысты барлық жұмыстарға Бас штаб Академиясының бастығы, ірі әскери маман, Царицын қорғанысының көрнекті ұйымдастырушысы, талантты шығыстанушы А.Е.Снесарев белсене араласты.

М.В.Фрунзе 1921 жылы былай деп жазды: «... Болашақтағы соқтығыстардың бәрін командирлер емес, таза ғылымның адамдары шешеді. Әскери техника саласындағы кез келген ірі өнертапқыштық немесе жаңалық екі жақ үшін тез арада үлкен артықшылық туғызатыны сөзсіз. Қазір бізде бұл жағынан үлкен бос кеңістік... Осыған байланысты, ең алдымен, біздің оқу-техникалық әлемімізді қызықтар мен сұрақтар шеңберіне тартатын ұйымдастыру нысандарын табуымыз керек. Мұндай құралдың бірі әскери факультеттер болуы мүмкін. Мұндай ұйым тек Ташкент университетінде ғана бар, онда ол 1920 жылы-ақ құрылған. Осы жұмыстың тәжірибесін ескеріп, оны одан да кең түрде қолданып, әскери іс пен ғылымды тығыз байланыстыру мақсатында пайдалану керек» [39, с. 9].

Түркістан университетінде ұйымдастырылған әскери факультеттің тәжірибесі ескерілді: соның үлгісінде, М.В.Фрунзенің бастамасымен Москва және Ленинград институттары жанынан әскери факультеттер құрылды. Соңынан олар РККА арнайы әскери (техникалық) академиясына біріктірілді. Бұл академияға Түркістан университеті әскери факультетінің бір бөлігі қосылды.

1920 жылы Түркістан мемлекеттік университетінің құрамына медициналық, физика-математикалық, әлеуметтік-экономикалық, техникалық, тарихи-филологиялық және жұмысшылар дайындайтын факультеттер кірді. Осы жылдың күзіне қарай физика-математикалық факультетінен ауыл шаруашылық факультеті өз алдына бөлініп, басқа факультеттермен тең дәрежеде отау тігеді. Кейін бұл факультет Орталық Азия республикаларының ауыл шаруашылығы үшін жоғары білікті мамандар дайындауда өз үлесін қосып, университеттің алдыңғы қатарлы оқу орнына айналуға мол септігін тигізеді.

Дегенмен, 1921 жылдың басына қарай университет елдегі ең ірі оқу орындарының біріне айналды. Осы жылы университеттің алғашқы бітірушілері 12 маман-дәрігерді шығарды, 1922 жылы – 17 дәрігерді, ал 1923 жылы 24 агрономды шығарды. Алғашқы бітірушілер қатарында кейіннен елге танымал болған ғылым қайраткерлері болды: А.А.Асқаров, Н.И.Смаилов және СССР медицина ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті З.И.Умидова – жергілікті ұлттан шыққан алғашқы дәрігер әйел еді [40, с.3].

1920 жылы 7 қыркүйекте Ленин бастаған Кеңес үкіметінің декреті жарық көріп, Түркістан Мемлекеттік университетін заңдастырып, оны Ресей Федерациясындағы Халық комиссариатының қарамағына береді [41, с.352].

Бұл декрет және жоғары оқу орнының мәртебесі, әсіресе Ресей Федерациясындағы Халық комиссариатының қарамағына беріледі деген декреттің екінші тармағы жергілікті ұлттық басшылардың наразылығын туғызды. Бұл мәселе 1920 жылы 25 қыркүйекте Түркістан республикасының Халық Ағарту комиссариатының коллегиялық жиналысында қаралды. Жиналысты Халық Ағарту комиссары Нәзір Төреқұлов жүргізіп, «Орталықтың декреті Түркістан Республикасы Конституция қағидаларына қарама-қарсы келеді...Сондықтан Түркістан Орталық Атқару комитеті жоғарыда аталған декреттің күшін жою туралы шешім шығаруды өтінеді» деп қаулы қабылдайды. Сонымен қатар, Түркістан басшылары Кеңес үкіметіне университет «тек мәдени-ағарту мекемесі және партиядан тыс, сондықтан оны үгіт-насихат орны ретінде пайдаланыла алмайды» және жоғары оқу орнына автономиялық басқару беру туралы талаптар қояды [42, 1-2 пп].

Қазақ ұлт зиялыларының мәдени саладағы қарымды қызметіне кедергі болған осы партиялық таптық идеология болды. Партия өзінің мәдениет саласындағы саясатын атқарушы биліктің органдары болып табылатын – Кеңестер арқылы да жүргізіп отырған. Мәселен, жаңа мәдениетті жасау, дамыту мәселері Кеңестердің съездерінде жиі талқыланып, жергілікті атқарушы органдарға орындалуға ұсынылатын болған. Осындай мәдениетке партиялық басшылықтың жүйесі бұрынғы шет аймақтарда да оның ішінде Қазақстанда да орнай бастады. Байқап отырғанымыздай, мәдениетке партиялық басшылық мемлекеттік органдармен де, атқарушы Кеңес органдарымен де тығыз шендесіп, ара-жігін ажырата алмайтын ерекше құбылысқа (феноменге) айналды. Сөз етіп отырған, мәдениетке партиялық

басшылықтың белгілі бір принциптері мен әдістері де, сол 20-жылдары қалыптаса бастаған болатын. Мәдениетке партиялық басшылықты белгілі бір жүйе ретінде қарастыратын болсақ, онда осыған кіретін, бір-бірімен тығыз байланыста болған оның әр түрлі бағыттары: әлеуметтік, қоғамдық-саяси, заңдылық-құқықтық, ұйымдық-басқару сияқты сипатта болды. Бұлардың барлығында да партияның басшылығы шешуші фактор болып отырған. Ал енді, осы жүйенің өзі өмір сүруі үшін белгілі бір принциптерге сүйенуге тиіс болды. Оның ішіндегі мәдениет мәселелерін шешудегі ең бастысы-партиялық, таптық принциптер болды. Партияның мәдениетке басшылық жасаудағы тағы бір ойлап тапқан, «демократияға» негізделген принциптерінің бірі – кәсіподақ, комсомол, кооперативтік сияқты қоғамдық ұйымдарды кірістіру болды. Осы ұйымдар арқылы, партияның мақсаты мәдени революцияға көпшілікті тарту болатын. Кеңес үкіметінің 20 жылдарында бұл ұйымдар белгілі дәрежеде дербестік жағдайында болса, кейінірек олар тек партияның шылауында қалған ұйымдарға айналды.

Халық ағарту комиссариатының барлық қызметі, сонымен бірге бас басқармалар мен басқармалардың коллегиялық қызметі де РКП(б) Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлігінің (Агит-проп) тікелей бақылауымен жүргізілді. Ал оның меңгерушісі комиссират коллегиясының мүшесі болды.

Партияның жаңа қоғамының адамдарын тәрбиелеудегі ықпалы бәрінен жоғары деп баспасөзге, әдебиет пен өнерге ерекше көңіл бөлгені белгілі. Сондықтан, оларды өз ықпалында ұстап, істеріне араласып, бағыт-бағдар беріп отыру партия қызметінің басты мақсатына айналды.

1923 жылғы 19 шілдеде университеттің атауы Орта Азия мемлекеттік университеті болып өзгертілді. 1924 жылы Шығыс институты Орта Азия мемлекеттік университетінің қарамағына факультет ретінде беріледі. Осы кезең партия ұйымдары тарапынан «буржуазиялық экономизмге» қарсы күрес науқаны басталады. Бұл іс-шараға университет коммунистері де белсенді түрде араласып, нәтижесінде көзқарастары кеңестік өкіметтің мүддесіне сәйкес келмейтін «реакциялық, ескіше» профессорлар қудалауға ұшырады. 1929 жылы жаңадан маркстік мамандарды даярлау мақсатында тарихи материализм кафедрасы құрылады. Онда әлеуметтік-саяси пәннен дәріс оқыту үшін университетке арнайы түрде Орталықтан қызыл профессорлар Институтын бітірген орыс оқытушылары шақыртылады [6, с. 23].

20 жылдардың аяғында университет түпкілікті өзгерістерге ұшырайды. Оның факультеттерін тексеру мақсатында арнайы комиссия құрылып, университеттің болашақтағы тағдырын шешіп береді. Әсіресе, Шығыс факультеті жан-жақты тексеруге алынады. Комиссияның жасаған қорытындысында былай делінеді: «Шығыс институтының оқу жоспарлары өмірден алыс және студенттердің назарын көбінесе шығыс тілдері мен Шығыстың әр түрлі «тарихына» аудару үшін құрылған,... Орта Азияның жаулағанға дейінгі кезеңге үлкен мән беріліп, революция тарихы нашар көрініс тапқан» [6, с. 23]. Өйткені, бұл факультетте негізінен шығыстанушылықты игеретін пәндер оқытылатын: Түркістан және онымен

шектесетін елдердің экономикалық географиясы, Қазақ халқының тарихы, Қазақ тілі, Қазақ халық ауыз әдебиеті ескерткіштерін оқу, Орхон жазуларының тілі, Ағылшын тілі, Өзбек тілі, Өзбекше құжаттарды оқу, Түрікмен тілі, Татар тілі, Ұйғыр тілі, Мұсылмандық Шығыстың тарихы, Араб тілі, Парсы тілі, Түркістан этнографиясы, Мұсылман заңдары, Шығыс каллиграфиясы, Ежелгі Шығыс тарихы, Тіл біліміне кіріспе, Исламтану, Саяси экономика және тағы басқалары. Осындай «қатаң» тексерістен кейін, 1929 жылы шығыс факультеті жабылып, оның орнына педагогикалық факультет құрылады. Сонымен қатар, 20 жылдардың аяғында жаппай репрессиялық шаралар университетте өтіп, соның ішінде шығыс факультетінің М.Әуезов, Қ.Кемеңгеров, И.Қашқынбаев, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов және тағы басқа 20 шақты аспиранттар мен оқытушылары «ұлтшыл» деген айыппен тұтқындалады [43, 6-7 бб]. Сонымен қатар, А.Э.Шмидт, П.Е.Кузнецов, А.А.Семенов және тағы басқа шығыстанушылар контрреволюционерлер ретінде жазаланады [44, 96 п]. Кеңес большевиктері тарапынан жүргізілген жазалау шаралары шығыстану саласы және жергілікті ұлттардың ана тілі мен әдебиетінің дамуына тосқауыл болып, үлкен кедергі келтірді. Өйткені, ана тілі және әдебиеттен сабақ беретін оқытушыларды дайындау міндетін шығыстану факультеті атқаруға тиіс еді. Дегенмен, осыған қарамастан университеттің алдында тікелей міндет – барлық Орта Азия республикалары және Қазақстан үшін жоғары білікті кадрларды дайындау міндеті тұрды.

Бұған 1924/25 оқу жылында университетте Қазақстаннан 927 студент, оның ішінде 288 қазақ, Қырғызстаннан 378, Түркмениядан 97 студент оқығандығы куә бола алады [39, с. 9].

Осылайша Орта Азия мемлекеттік университеті шын мәнінде республикааралық жоғарғы оқу орнына айналды.

**Бауыржан ЕНСЕПОВ,** *тарих ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің аға оқытушысы*

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаева Г. Әбжанов Х. Қазақстан: тарих тұлға теория. –Алматы: Дәуір, 2004. -344 б.
2. Умаров С.М. XXV лет САГУ. –Ташкент: изд. САГУ, 1945. -256 с.
3. Дадабаев К.Д. Успехи развития высшего образования в Узбекстане. // Научные труды ТашГУ. Ташкент, 1963. Вып.324. с.15-32.
4. Лунин В.В. Из истории первого высшего востоковеденого учебного заведения в Средней Азии. Москва: Восточной литературы, 1963. -302 с.
5. ӨР ОММ. 595-қ., 1-т., 5-іс.
6. Шамсиева И.М. Роль Ташкентского государственного униерситета в истории высшего образования Средней Азии (1920-1960 гг.). Автореф. дисс. на соиск. учен. степ. канд. ист. наук. -Ташкент. 1999. -27 с.

7. ӨР ОММ. 1-қ., 13-т., 1170-іс.
8. ӨР ОММ. 34-қ., 1-т., 10-іс.
9. ӨР ОММ. 1630-қ., 1-т., 1-іс.
10. Байтурсунов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей, 1919. № 29. 2 августа.
11. Ленин В.И. Полное собрание сочинений. Т.34. -810 с.
12. Маркс К. Энгельс Ф. Сочинения, Т. 22. -700 с.
13. История Узбекской ССР. Т.2. -Ташкент: АН УзССР, 1957. -705 с.
14. ӨР ОММ. 34-қ., 1-т., 5-іс.
15. Зорин С.М. Народный университет // Наша газета, 1918. №59. с.5-6.
16. ӨР ОММ. 1630-қ., 1-т., 8-іс.
17. Рашидов Г.Р. История Социалистического Ташкента. Т.1. – Ташкент: Наука, 1965. -520 с.
18. ӨР ОММ. 34-қ., 1-т., 110-іс.
19. Дворкина Е.А. Основание университет в Туркестане. –Ташкент: САГУ, 1957. -236 с.
20. Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Туркестане (Сборник документов), - Ташкент: Госиздат УзССР, 1947.420 с.
21. ӨР ОММ. 374-қ., 1-т., 5-іс.
22. Попов А. Свет на Востоке // Наша газета, 1918. № 40. С.3-10.
23. Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане / Сборник документов и материалов. – Шымкент: Южной-Казахстанский госуниверситет им. М.Ауезова, 2004. Ч.2. – 276 с.
24. Мамандықтар бойынша әртүрлі техникалық курстар Народный университет, 1918. №1. с.3-4.
25. Народный университет, 1918. №2. с.3-5.
26. ӨР ОММ. 1630-қ., 1-т., 15-іс.
27. Туркестанский университет // Наука и просвещение, 1920. №2. с. 85-95.
28. ӨР ОММ. 368-қ., 1-т., 34-іс.
29. ӨР ОММ. 34-қ., 1-т., 15-іс.
30. История Коммунистических организаций Средней Азии, -Ташкент: Узбекистан, 1967. -550 с.
31. ӨР ОММ. 1630-қ., 1-т., 14-іс.
32. Зевельев А. Владислав Дамианович Фигельский. -Ташкент: Госиздат Уз ССР, 1962. -280 с.
33. ӨР ОММ. 1630-қ., 1-т., 10-іс.
34. ӨР ОММ. 1630-қ., 1-т., 2-іс.
35. ӨР ОММ. 34-қ., 1-т., 187-іс.
36. ӨР ОММ. 34-қ., 1-т., 123-іс.
37. ӨР ОММ. 34-қ., 1-т., 217-іс.
38. Развитие социалистической культуры в союзных республиках. (Сб. статей). -Москва: АН СССР, 1962. -420 с.
39. XX лет Среднеазиатского государственного университета (1920 - 1940), Ташкент: Гостехиздат УзССР, 1940. -355 с.

40. Димо Н.А. Институт почвоведения и геоботаники САГУ, Ташкент, 1927. -160 с.
41. Хрестоматия по новейшей истории Казахстана (1917-1939 гг.). Т.1. (Под ред. К.С.Каражанова) –Алматы: Санат, 2002. -408 с.
42. ӨР ОММ. 1630-к., 1-т., 5-іс.
43. Досжанов Д. Абакты. –Алматы: Қазақстан, 1992. -228 б.
44. ӨР ОММ. 368-к., 4-т., 5-іс.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается роль и место Среднеазиатского государственного университета в общественной и культурной жизни Республики Казахстан. В данной работе изучается история формирования Туркестанского, позднее Среднеазиатского государственного университета, созданного в 20 – 30 годы XX века в городе Ташкенте. Исследуется деятельность представителей первого поколения казахской интеллигенции в данном университете и вклад университета в развитие народного и сельского хозяйства Республики Казахстан.

### **RESUME**

The role and place of Middle Asian State university in social-cultural life of the Republic of Kazakhstan are worked out in dissertation. The history of formation of Turkestan, later Middle Asian State University, which was based in 20-30 of XX century in Tashkent city is learned in this work. The activity of representatives of the first generation of Kazakh intelligentsia in this university and the contribution of university in development of social- economical life of the Republic of Kazakhstan are researched in it.